



● САЙЛАУ – 2016

● ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

**Бесінші шақырылған Қазақстан
Республикасы Парламентінің
Мәжілісін тарату және Қазақстан
Республикасы Парламенті Мәжілісі
депутаттарының кезектен тыс
сайлауын тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 2) тармақшасына, 63-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 85-бабына сәйкес қаулы етемін:

Бесінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі таратылсын.

Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2016 жылғы 20 наурызға тағайындалсын.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2016 жылғы 21 наурызға тағайындалсын.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын дайындауды және өткізуді ұйымдастырсын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын ұйымдық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.

Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2016 жылғы 20 қаңтар.



**Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 5-ші шақырылымдағы
Парламент Мәжілісін тарату туралы Жарлыққа қол қоюына,
сондай-ақ ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының
кезектен тыс сайлауын тағайындауға байланысты
ХАЛЫҚҚА ҮНДЕУІ**



Бүкіл қазақстандықтарды, қоғамның барлық әлеуметтік топтарын уақыт талап еткен шешімді қолдауға үндеймін. Баршаңызды сайлауға белсене қатысуға, еліміздің болашағы жолындағы тұтастығымыз бен бірлігімізді тағы да танытуға шақырамын.

Мен Парламент Мәжілісі депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және жаңа сайлау тағайындау туралы ұсынысын талдап қарадым.

Бұл күндері менің атыма бастамаға қолдау көрсеткен көптеген хаттар мен жеделхаттар келіп түсті. Кезектен тыс сайлау өткізу қажеттігі туралы пікірді саяси партиялар мен кәсіподақтар, үкіметтік емес ұйымдар, кәсіпорындардың, мекемелер мен оқу орындарының еңбек ұжымдары құптады. Сондай-ақ, оған

ардагерлер мен жастардың ұйымдары, бизнестің, ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның өкілдері, көптеген жеке азаматтар қолдау білдірді. Менің атыма келіп түскен бұл үндеулерде келтірілген барлық дәлел-дәйектемелер маған түсінікті. Оларда елге деген қамқорлық, саяси науқанды тездетіп аяқтауға және қойылған міндеттерді іс жүзіне асыруға кірісуге деген қажетсіну бар.

Бүгінде біздің ел күрделі жаһандық саяси және экономикалық үдерістерге

тартылып отыр. Энергия қуатын беретін өнімдер бағасының құлдырауы нәтижесінде көптеген елдерді жайлаған экономикалық дағдарыс бүкіл әлемдік экономикаға және оның ажырамас бөлігі ретінде біздің елімізге де елеулі ықпал етуде. Осы бір қиын уақыт ел алдына өте күрделі міндеттер мен сын-қатерлерді тосып отыр.

Халықаралық ахуал да күрделілене түсті. Жетекші мемлекеттер арасындағы қайшылықтар ұлғайып, олардың санкциялық текетіресі күшейе түсуде. Сарапшылардың көпшілігі әлемдік державалар арасындағы келіспеушілік «қырғиқабақ соғыс» аяқталғаннан бері дәл қазіргідей ушығуға жетпеген еді деген пікірде. Осындай жағдайда өңірлік жанжалдардың жаңа ошақтары пайда болуда. Террорлық қатер де ұлғайып келеді.

Босқындардың жаһандық толқыны планетаның жаңа өңірлерін бірінен соң бірін басып қалуда. Әлемдік сауда көлемі төмендеп, қор нарықтары құлдырауда. Іс жүзінде әлемнің барлық валюталары девальвацияға ұшырады. Осының бәрі өңірлік және ұлттық экономикаларға теріс ықпалын тигізеді.

Әлемнің жаңа бет-бейнесі қалыптасып келеді, ол жөнінде мен халыққа таяудағы Жолдауымда айттым. Бұл дегеніміз индустрияландыруды, шағын және орта бизнесті дамытуды белсенді жалғастыра отырып, шикізат бағасы төмен жағдайда өмір сүруге бейімделуді білдіреді. Осы бір күрделі ахуалда біздің бәріміз үшін ең маңыздысы – ысырапсыз өмір сүру, ресурстарды үнемдеу, жұмыс орындарын сақтау екенін түсіну.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

**Санда бар,
санатта жоқ**облыста 900 млн.теңгеге
жуық қаржы игерілмеген**Әлібек
ЫБЫРАЙ**

Қаржы дағдарысы етектен алды десек те, өңірде құрылыс қарқыны еш бәсеңдеген емес. Оған республикалық және облыстық бюджеттен тиісінше миллиондаған ақша бөлініп жатыр. Бірақ, сол қаржыны уақытында игеруге келгенде кейбір жекеменшік кәсіпорындар кезегесінен кейін тартады. Облыс әкімінің орынбасары Роза Кемалованың айтуынша, өткен жылы облыс 888,7 млн.теңгені игере алмаған. Мұның жартысына жуығы, яғни 425,9 млн.теңгесі несие және республикалық трансфер арқылы бөлінген ақша, қалғаны жергілікті қазынаның қаржысы.

Бұған көптеген құрылыс және жөндеу нысандарының өз жұмыстарын уақытылы аяқтай алмауы себеп. Мәселен, мердігерлер Федоров ауданындағы су құбырын тарту жұмыстарына бөлінген 230 млн.теңгені игерген жоқ.

Ал, Қостанайдағы Мирошниченко көшесінде бой көтерген тұрғын үйдің 15 млн. теңгесі, №3 мектеп ауданындағы көпқабатты үйдің құрылысы 34,4 млн. теңге, "Әуежай" ауданына инженерлік-коммуникациялық жүйе тартуға бөлінген ақшаның 29,2 млн. теңгесі, онкологиялық диспансер емханасының құрылысына бөлінген 79,4 млн. теңге, "Дружба" ауылына тартылған инженерлік-коммуникация жұмыстарына тиісті 9,6 млн. теңге қаржы игерілмеді.

Бұл бірер ғана мысал. Айтпақшы, үнемделген 137,3 млн. теңге де осы игерілмей қалған қаржының есібіне кіреді.

— 2016 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтерге сәйкес, қазынада өткен жылдан қалған 2,6 млрд. теңге бар. Оның 504,8 млн. теңгесі облыс бюджетінен алынған, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Жалпы, облыс бюджетінің барлық шығыны 163 млрд.461,3 млн. теңгеге тең. Бұл жылдық жоспардың 99,5%-ке орындалғанын көрсетеді.

**Жаңа ведомство басшылары
тағайындалды****Гүлназым
САФИТОВА**

Жаңа мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл моделін жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігі құрылды.

Құрылған министрлікке таратылған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің функциясы мен өкілеттілігі берілді. Министрлік құрылымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы құрылды.

Сонымен, екі жеке дара мемлекеттік орган құрылды.

— Қостанай облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы (сыбайластыққа қарсы қызмет) іс-қимыл ұлттық бюро департаментінің функциясына сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтың алдын алу, ескерту, оларды анықтау, жолын кесу, ашу мен тергеу кіреді.

Департаменттің жетекшісі болып **Данияр Бекбергенұлы Үсенов** тағайындалды.



— ҚР мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің функциясына мемлекеттік қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу, мемлекеттік қызмет саласындағы мемлекеттік органдарының Қазақстан Республикасы заңнамаларын сақтауын, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті ұстануын, мемлекеттік қызмет көрсету сапалылығын бақылау

кіреді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің Әдеп жөніндегі кеңес Төрағасы болып **Берген Маратұлы Беспалинов** тағайындалды.

Суық тигендер саны артуда**Қарлығаш
ОСПАНОВА**

Облыста соңғы аптаның ішінде өткір респираторлық вирусты инфекцияға шалдыққандар саны күн санап артып жатыр. Қаламыздағы №1 емхананың өзіне күніне суықтың салдарынан басы ауырып, балтыры сыздаған жүздеген науқас дәрігер көмегіне жүгінген. Ал, облыс бойынша тұмаудың екі жағдайы тіркелген. Мамандардың айтуынша, ақпан айында суық тиіп ауырғандар қатары өлі де көбейеді, сондықтан дәрігерлер де сақтық шараларын күшейтуді қолға алмақ. Ол үшін мамандар маусымдық кезеңде суық тиіп ауырғандар болса, өзін-өзі емдемей, дереу дәрігерлерге қаралуды ескертеді.

**"Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың
5-ші шақырылымдағы Парламент Мәжілісін тарату
туралы Жарлыққа қол қоюына, сондай-ақ
ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен
тыс сайлауын тағайындауға байланысты
ХАЛЫҚҚА ҮНДЕУІ****1-бет**

Үкімет пен Парламентке бұл жағдайда бірлесіп, жинақы жұмыс істеп, жедел шешім қабылдау қажет. Біздің халқымызға бұрынғыша бірігіп, осы күрделі уақытта кез келген ықтимал арандатуларға, қажет болса, заңнамалық тұрғыдан тойтарыс беру керек. Ол жағдайдың нашарлауына кінәлілерді іздеп, саясиландырғысы келетіндерге де қатысты. Бұл — жаһандық үдеріс, оған бірде-бір ел, соның ішінде Қазақстан да ықпал ете алған жоқ. Сондықтан бәріміз топтасып, бір-бірімізге көмектесуіміз керек. Қазір елдің әрбір азаматының патриоттығы сынға түсуде. Бізде тағдырға мойынсұнып, әйтеуір бір уақыттары бәрі орнына келетініне, мұнай бағасы көтеріліп, жағдайдың жақсаратынына үміттеніп отыруға уақыт жоқ.

Бүгінде кез келген жаһандық сын-қатерге үнемі жүйелі әрі алдын ала жауап беру және тиісті шаралар қабылдау маңызды. Бізге "Қазақстан — 2050" Стратегиясының бағытын жалғастырып, дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асыру, Ұлт Жоспарын орындау керек. Мыңдаған азаматтарымызға жұмыс бере отырып, "Нұрлы Жол" бағдарламасын белсенді жүзеге асыру қажет. Үкімет, министрлер мен барлық деңгейдегі әкімдер бұрынғы дағдарыс тәжірибесі мен инфрақұрылымдық құрылыс мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жұмыс орындарын ұсыну арқылы шығындарды қысқарту, аппаратты оңтайландыру үшін резервтер іздестіруі тиіс.

Халыққа Жолдауда мемлекетті, экономика мен қоғамды терең жаңғырту, бюджет саясатын үнемдеу, ұсынықтылық және қайтарымдылық қағидаттары негізінде оңтайландыру жөнінде ауқымды міндеттер қойылды. Парламенттің қазіргі құрамы Ұлт Жоспарына сәйкес, өнімді және ауқымды заң шығару жұмысын атқарды. Ендігі жұмыс Үкімет пен елдің барлық атқарушы органдарына, сондай-ақ, бизнес-қоғамдастыққа тиесілі. Дағдарысқа қарсы шаралар мен Ұлт Жоспарын дер кезінде және сауатты жүзеге асыру солардың тиімді жұмысына байланысты болады. Бұл біздің елімізді әлемдік қоғамдастық алдында тағы да биіктетіп, инвестиция тартады, елімізге деген сенімді нығайтады. Біз мұны жасауға тиіспіз.

Қазір біздің қоғамымыз 1991 жылы мүлдем бейтаныс ахуалға тап болған кездегідей абдыраған адамдар тобы емес. Біз Тәуелсіздіктің ширек ғасырға жуық абыройлы жолын жүріп өттік. Біз жасампаз еңбекте шыңдалып, табысты, қалыптасқан және әлемге сыйлы мемлекет құрған біртұтас халыққа айналдық. Мен депутаттардың бастамасын

Қазақстан мен қазақстандықтардың тағдырына отаншылдық тұрғыдан қамқорлық танытудың көрінісі деп қабылдаймын. Мәжілістің кезектен тыс сайлауы (оның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының да депутаттары бар) және өңірлік мәслихаттардың кезекті сайлауы бірге өтуі уақыты да, қаржыны да үнемдейді. Барша депутаттарға мемлекетшіл ұстанымы мен аса жоғары тарихи жауапкершілік танытқаны үшін алғысымды айтамын.

Ел Конституциясының талаптарына сәйкес, мен Парламент Палаталары төрағаларымен, Премьер-Министрмен және Конституциялық Кеңес төрағасымен кеңестім. Ақылдаса келіп депутаттардың бастамасын қолдау туралы шешім қабылданды. Билік саласы өкілдері құрамының жаңартылуы еліміз бен халқымыздың мүддесіне сай келетіндігіне сенімім көміл. Саяси партиялар күн тәртібіндегі міндеттерді түсіне білетін сауатты, іскер және ел мүддесіне адал кандидаттарды ұсынуға тиіс. Бүгін мен Бесінші шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Жарлыққа қол қойдым. Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2016 жылғы 20 наурызға белгіленді.

Бүкіл қазақстандықтарды, қоғамның барлық әлеуметтік топтарын уақыт талап еткен шешімді қолдауға үндеймін. Баршаңызды сайлауға белсене қатысуға, еліміздің болашағы жолындағы тұтастығымыз бен бірлігімізді тағы да танытуға шақырамын. Конституцияның көпшілі ретінде Орталық сайлау комиссиясына және барлық өкілетті мемлекеттік органдарға алдағы сайлауда заңдылықты, ашықтықты және әділеттілікті қамтамасыз етуді тапсырамын. Дауыс беру науқаны және сайлау күрделі кезеңде ұлтты ұйыс-тырып, біздің Қазақстанымызды жаңа белестерге алып шығуға көмектеседі деп сенемін.

Баршамыздың бір ғана мақсатымыз бар, ол мақсат — халық пен елдің игілігі! Бәріміз Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолында еңбек етіп, бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Біз бірлесе отырып, бүгінгі заман алдымызға тосып отырған барша қиындықтар мен сын-қатерлерді міндетті түрде еңсеретін боламыз. Мен барша қазақстандықтарды, барлық саяси партияларды біздің ортақ шаңырағымыздың тағдырына жауапты қарауға және Отаншылдығымызды нығайта түсуге шақырамын. Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық мерейлі белесін мызғымас бірлікпен қарсы алайық!

**Астана, Ақорда,
2016 жылғы 20 қаңтар.****Полицейлер өрттен отбасын
құтқарды**

Старшина Юрий Жакупов пен сержант Ермек Жуанышбаев Қостанай-Қарабұтақ бағытындағы жолда түнде кезекшілікке шыққан болатын.

Түнгі үш кезінде Лисаковтан Рудныйға қарай келе жатқан олар Набережный селосында бір үйдің өртеніп жатқанын байқады. Жол-патруль полицейлері жеткенде қора-қопсы отқа оранған екен. Қызыл жалын үйге де жақындап қалған. Жедел малды сыртқа шығарған жігіттер ештеңеден хабарсыз ұйықтап жатқан отбасын оятты. Үй иесі Серікбайдың көп балалы отбасы мен көршілер өртті өшіруге кірісті. Юрий Жакуповтан хабар түсісімен Таран ауданының өрт сөндірушілері жедел келіп жетіп, өртті ауыздықтады. Селода бұған дейін де бірнеше рет өрт болғанына қарағанда қасақана өрт қоюшы біреу болуы мүмкін. По-



лицейлер оны анықтау үшін тергеу жүргізбек.

Кейін Набережное селосының тұрғындары Юрий Жакупов пен Ермек Жуанышбаевқа алғыстарын айту үшін жол-патруль полициясы батальонының коман-

діріне келді. Ал Серікбай Мырзабайдың отбасы ОІД бастығы полиция генерал-майоры Тілеген Маткеновтің блогына өртті сөндіруге көмектесіп, өздерін құтқарған полицейлерге алғыс хат жолдады.

● ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚАР КҮРЕП,
МҰЗ ОЙҒАНДАР**Ермекбай
ХАСЕНОВ**

Қыста да қаланың тазалығы сақталуға тиісті. Себебі, қақаған аязды күндердің өзінде көшелерді ластайтындар көп. Нақтылап айтқанда, түрлі ұсақ, қатты заттар қаланың қай тұсында да шашылып жатады. Соларды күн сайын жинап, сыртқа тасымалдау керек.

Соны жауапты адамдар есте сақтауда. Алдымен қоқыстарды контейнерлерде жинау қажет. Көпқабатты тұрғын үйлердің ауласындағы контейнерлердің ішіне тұрмыстық қатты заттарды салуға тұрғындар міндетті болса да, игі іске самарқау қарайтындар жетіп жатыр. Олар контейнердің маңына қоқыстарды үйіп тастайды.

Қостанай қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Дүйсен Тобылбаев әкімдіктің кеңесінде жасаған баяндамасында осындай салдыр-салақтықтар әлі де орын алып тұрғанын тілге тиек еткені есімізде.

Дүйсен Жақанұлының айтуынша, қатты заттар қалдықтары және басқа да қоқыстар белгіленген кестемен сыртқа тасымалданады. Жауапты ұйымдарға міндеттемелер жүктелген болатын. Олар тапсырмаларды ұқыпты атқаруда.

Әуежай және теміржол, автобөктердің ауласына қоқыстар салынатын темір жөшіктер қойылған. Ұсақ қағаздар мен артық заттарды жерге лақтыра салмай, соларға салу керек. Мұны да жауапты ұйымдар қадағалайды.

Міне, қақаған қыс та қаһарына мінді. Жапалақтап жауған қар қала көшелеріне толды. Қар күреп, мұз оюшылар дамыл табар емес. Олар жол бойындағы тротуарларды күн сайын қардан тазалайды. Көше жолдарының қарын тазалайтын түрлі техника дамылсыз жұмыс істеуде.

Қыс айларында жаяу жүретін және автокөліктер жүретін жерлерді күн сайын тазалауды заман талап етеді. Үйінді қарлар көшелерге толып кетсе тұрғындар алаңдайды. Жолдарда автокөліктер жүре алмай қалады. Бұған ерекше



мән беру керек.

Көшелермен қоса орталық саяжайдың, "Жеңіс паркінің" іші-сыртын қардан тазалау төрт ұйымға жүктелген. Бұлар – "Таза - Жол АТ", "Вескор", "Экол", "АБЗ плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері. Аталған ұйымдар қыс кезіне лайықталған техниканы күтіп ұстайды.

Ұйымдардың қаланың аймақтарында тиісті учаскелері бар. Мердігерлерге жетпіс жетіден бір жүзге дейін аялдамалар белінген. Қаладағы аялдамалар саны – төрт жүз.

Қол жұмыстарын атқаратын адам саны бір жүзден астам. Олар таңғы жетіден бастап, кешкі сағат беске дейін дамыл таппайды.

Жұмыс көлемі көбейгенде түнгі уақытта да жұмыстар атқарылады.

Жылдағы қарағанда Қостанайдың көшелеріне мұз қаптады. Тайғанақ көк мұздың үстімен жүру адамдарға қиын болды. Соны ескерген мердігерлік ұйымдар көк мұздың үстіне алты мың тоннадан астам топырақ шашты. Елу көшеден бір мың текше метрден астам қар тасымалданды.

СУРЕТТЕРДЕ: қар күреп, мұз оюшылардың қимылы қарқынды; қар тазалайтын техника да сайма-сай. Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Тобыл - Торғай
ТЫНЫСЫ**Кешен жұмысына қайта кірісті**

Лисаков. Қағаз-картон кешені қаңтардан бастап жұмыс істейді. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Сергей Карплюк кеңейтілген жиында айтты. Қазір "Комсомол құс фабрикасы" мен Лисаковтағы қағаз-картон кешенінің тұралап қалған жұмысын іске қосу жұмыстары жүріп жатыр. Мәселен, қазір қағаз картон кешеніне жаңа компания келді. Бұл кешен жаңа серіктестік болып қайта құрылмақ. Жаңадан құрылғылар әкелінді. Енді қаңтар айынан бастап өнім шығаруға кіріспек.

Газ құю бекеті іске қосылды

Қарабалық. "Алматы-Екатеринбург" тас жолындағы кемпингтің маңынан газ құю бекеті ашылды. Жаңа бекет тәулік бойы жұмыс істейді. Газ құю бекетінің иесі – "Промбаза-7" ЖШС. Аталмыш фирма 2002 жылдан бастап көлемі 27 және 50 литр болатын газ баллондарды сатумен айналысқан. 2006 жылы Қостанай, Федоров, Рудныйда алғашқы газ құю бекеттерін ашты. Бұл қатарға Қарабалық ауданы да қосылып отыр. Аудандағы алғашқы газ құю бекеті былтыр жаздан бері жұмыс істейді.

"Кітап – білім бұлағы"

Сарыкөл. Дәл осындай тақырыппен аудандық кітапханада кітап оқудан жарыс өтті. Бұл шараны бас имам бастап, кітапхана ұжымы қостады. Ауданда алғаш рет өткізілген сайыстың мақсаты оқушыларды компьютерлік заманда кітап оқуға баулып, білімге деген құштарлығын арттыру және мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру болды. Сайыс қорытындысында ең жылдам және түсінікті оқығандарға мешіт тарапынан мадақтама қағаздары мен бағалы сыйлықтар берілді.

Спорт залы ашылды

Наурызым. Аудандағы Буревестник ауылында жаңа спорт залы ашылды. Ауыл баласы үшін мұндай ошақтың маңызы өте зор. Спорт залдың ашылуына орай волейболдан ерлер арасында жарыс өтті. Айтулы шараның куәгері болған аудан әкімі Т.Даиров Буревестник орта мектебіне доптарды сыйға тартты. Қоғамдық орын түрлі сайыстарды өткізуге негізделген.

Қылмыскерлер құрықталды


Арқалық. Арқалық қаласы ІІБ "102" пультіне қала тұрғынынан өзіне мас күйіндегі белгісіз біреулердің суық қарумен сес көрсетіп, күш қолданғаны туралы хабарлама түсті. Бұзақылар жәбірленушінің автокөлігін тартып алып, ұрып-соғып артқы орындықта ұстаған. Жүргізуші құлыққа көшіп, "көлікті от алдыруға көмектесемін" деген сылтаумен қарсы келе жатқан көлікке мініп қашып кетеді. Жедел-ізвестіру барысында 1986 жылы туған А. және 1995 жылы туған Б. қолға түсті. Қарақшылар кінәларын мойындап, барлық айғақты заттар тәркіленді.

Шаңғыдан жарыс өтті

Аманкелді. Аудандық білім беру бөлімі салауатты өмір салтын насихаттау, мектеп оқушыларының спортқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында IV аудандық қысқы спартакиада аясында Қарасу ауылдық округінде шаңғыдан жарыс өткізді. Жарысқа 14 команда қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша командалық есепте I орынды Жасбуын жалпы білім беретін орта мектебінің командасы иеленді.

Күн суытады

Облыста. Апта аяғына дейін ауа райы құбылмалы болмақ. Синоптиктердің болжамынша, алдағы демалыс күндері желдің жылдамдығы 9-14 м/с дейін күшейіп, жер-жерлерде қар ұйытқуы ықтимал. Ауа температурасы – 17 градусқа дейін суытады. Ал, демалыс күндері 23-28 градусқа дейін аяз болады.

Қаламгерлерден
тәбәрік

Қостанайлық қаламгерлердің оқырманға жол тартқан жаңа кітаптары қаламыздағы №2 әмбебап-ғылыми кітапханасына келіп түсті. Кітапханамыздың төрінен орын алған кітаптар мен олардың авторларын атап өтуді жөн көрдік. Оқырман қауымға жол тартқан әдеби-публицистикалық байып "Ағайынның арасы..." деп аталады. Бұл кітап "Қостанай таңы" кітапханасы" сериясымен жарық көрген. Оның авторы аты аталған басылымның директор-бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі Жанұзақ Аязбеков. Жинаққа автордың бүгінгі қоғам өмірі, замандастарының ой-пікірі, көзқарастары арқау болған. Кітапқа енген әр туынды өзіндік ерекшелігімен, әуезділігімен, ойнақы әрі шебер тілімен, терең мағынасымен есте қалады.

Нұрқанат Құлабаевтың "Іңкәр дала" өлеңдер жинағын да біздің кітапханамыздан табасыз. Ақынның өлеңдеріне туған жер мен ел, сана мен сезім, адамгершілік пен адалдық тақырыптары арқау

болады. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты жанынан құрылған айтыскер ақын, әдебиеттанушы ғалым Айбек Қалиев жетекшілік ететін Міржақып Дулатұлы атындағы әдеби-мәдени бірлестік мектебінің мүшелері әдебиеттану саласындағы өзекті мәселелерді шешіп белсенділік көрсетіп келеді. Аталған жинақта Торғай ақындық мектебінің дәстүрін жалғастырушы жастардың шығармашылығы және белгілі ақын-жыраулардың төл туындыларына ғылыми түсінік берілген.

"Торғай ақындарының антологиясы" шығармалар жинағының 1 томында Торғай ақындық мектебінің дәстүрін қалыптастырушы ақын-жыраулардың шығармалары жинақталған. Кітаптың алғысөзін жазған география ғылымдарының докторы, Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтының ректоры Сейілбек Қуанышбаев. Кітапханамызда аталған антологияның үш томы да жинақтаулы.

Зайра СЫҒАЕВА.

Арқалық қаласы.

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Ауыл әкімі есеп берді

Сарыкөл ауданында ауылдық округ әкімдерінің дәстүрлі есеп беру жиыны басталды. Солардың алғашқысы болып, Сарыкөл ауылының әкімі халық алдында кеңінен көсілді.

Руслан
ӘЛКЕЕВ

Аудандық мәдениет үйінде өткен жиынға сарыкөлдіктермен бірге аудан әкімінің орынбасары Асқар Жақсыбаев және мемлекеттік мекеме басшылары арнайы келіп қатысты.

Село әкімі Сейітбек Қаппасов 2015 жылдың әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы және 2016 жылға арналған негізгі міндеттер бойынша есеп берді.

Сейітбек Сейітжанұлының айтуынша, 2015 жылы село аумағында 5 инвестициялық жоба пайдалануға беріліп, 60 жаңа жұмыс орны ашылды. Соның ішінде 30-дан астам сарыкөлдікті "Ақпан Инвест" ЖШС жұмысқа тартты. Айта кеткен жөн, аталған серіктестік жалпы сомасы 600,0 млн. теңге болатын, сыйымдылығы 12,0 мың тонналық шағын элеватордың бірінші кезеңінің құрылысын аяқтады.

— Халық саны — 8 239 адам. Солардың ішінде жұмыспен қамту бөліміне жұмыс іздеп келгендердің саны — 216. Ал, 201-і жұмысқа орналастырылды.

Аз қамтылған азаматтарды қолдау мақсатында мемле-



кеттік атаулы әлеуметтік көмек жыл бойы 42 отбасына көрсетілді, яғни, 131 сарыкөлдік алды, жәрдемақы сомасы — 2 998 213 теңгеге тең, — деп атап өтті өз сөзінде ауыл әкімі.

Жалпы, орталықта — 74 дүкен, 10 дәмхана, 1 қоғамдық монша, 7 шаштараз, екі шұжық, тұшпара және кондитерлік цехы, 4 жиһаз және 3 тігін цехы, 3 ағаш ұста шеберханасы, 4 ТҚС, 6 шағын наубайхана, 2 ағаш өңдеу цехы және бір диірмен жұмыс істейді.

Кездесу барысында залдан сұрақтар қойылды. Мәселен, ауыл тұрғыны, зейнеткер Людмила Гомберг өз сөзінде дала жұмысына жоғары баға беріп, тұрақты қамқорлық пен қолдау көрсеткен азаматтарға алғысын білдірді. Ал, зейнеткер Қырықбай Жұмағұлов болса, электр энергиясы мен нан ба-

ғаларына қатысты мәселе көтерді.

Сондай-ақ, ІІБ учаскелік инспекторы, полиция капитаны Мұрат Оразбеков есептік баяндама жасады. Оның мәліметінше, өткен жылдың 12 айында аудан орталығында 310 қылмыс жасалып, оның 221-і ашылған. Оның басым бөлігі мүлкін ұрлауға қатысты. 400

сарыкөлдік түрлі сипаттағы өтініш-пен жүгінген. Ал, 160 адам АІІБ профилактикалық есепте тұр. Оның — 49-ы маскүнемдер, 13-ы бұрын сотталғандар, 6-ы мерзімінен бұрын, ал 11-і шартты түрде босатылғандар.

Кездесу кезінде басқа да баяндамалар тыңдалды. Ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік басшылары мемлекеттік бағдарламалар төңірегінде әңгіме өрбітпек. Айта кетейік, өткен жылы аудан мембағдарламаларды 100 пайыз орындады.

Есеп беру жиынын қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары Асқар Жақанұлы Президенттің Жолдауында белгіленген басты мақсаттарға тоқталып, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, ұлттық экономиканың жетекші күші екендігін атап өтті.

Сарыкөл ауданы.

● ЖОЛДАУ: ӨСІМ, РЕФОРМА, ДАМУ

Уақыт талабына сай

Ерлан ТӨЛЕТАЕВ,
"Жас Отан" ЖҚ облыстық филиалының төрағасы:

Елбасымыздың жүктелген ойларын жүзеге асырудың негізгі рөлі, ең алдымен, жас қазақстандықтарда. Ал Жолдау — қазіргі әлемдік экономикалық, саяси, рухани дағдарыс жағдайында ел тағдырын тығырықтан алып шығар, уақыт талабына сай бағытталған тарихи құжат. Түрлі қоғамдық институттарымен әлеуметтік өріптестікті дамыту мәселелері — мемлекеттік органдар, оқу орындары, жекеменшік компаниялармен, үкіметтік емес ұйымдармен әлеуметтік тапсырысты іске асыруы жайлы 2016 жылы "Жас Отан" ЖҚ айрықша көңіл бөледі.


"Жұмыла көтерген жүк жеңіл". "Нұр Отан" партиясының жастар өкілдігі, "Жас Отан" ЖҚ мүшелері Қазақстанмен бірге қалыптасу жолында деп айта аламын. Біз ұйымдық және идеологиялық түрде нығайдық. Бәріміз бірге Ұлт көшбасшысының бес реформа жоспарын іске асыруға тырысамыз. Бұл реформалар жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап болып, сонымен қоса 30 дамыған елдің құрамына еніп, жаңа тарихи жағдайларды туғызуға жағдай жасайды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы бұл реформаны "Ұлт жоспары" деп атап, алдағы 10-15 жыл аралығында қазақстандықтар үшін маңызды мақсат пен міндет болуы тиіс деп айтып кетті.



Ерлан ОМАРОВ,
қазақ күресінен спорт шебері,
ҚР чемпионы:

Елбасы Қазақстанның басты межесі әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылып, қом қуатты, тегеурінді елдермен иық түйістірудің мақсат екенін алға қояды. Рас, елдің дамуы үшін әрбір қазақстандық, қала берді, әр қостанайлық тамшыдай болса да үлесін қосуға міндетті. Президент қарашадағы жолдауында "Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін" деген қағиданы ұстануға шақырады. Қазіргі алмағайып кезеңде халыққа қажеттісі — бірлік, ынтымақ.

Соңғы жылдары Қазақстанда спортқа, оның ішінде, ұлттық ойындарға жақсы көңіл бөлініп келеді. "Қазақстан барысы", "Еуразия барысы" сияқты байрақты бәсекелерде ел спортшыларының бағы жанса, төккен тердің жемісі деп білеміз. Сондықтан да, талмай, талаптанып еңбек етуіміз керек. Жолдауда көрсетілген бағыттарды іске асырсақ, қуатымыз қарыштап, бірлігіміз баянды болатынына сөзсіз сенімдіміз.



Маңызды құжат

Елбасымыз Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған "Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму" атты Жолдауын мектебімізде жан-жақты талқыладық.

Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауын ұжым болып тыңдадық. Жолдауды қолдау барысындағы ұйымдастырылған дөңгелек үстелде мектебіміздің директоры Серік Мырзахметов жүйелі жоспар тұрғысында өрбітіп, айтып берді. Елбасының биылғы Жолдауы әлемдік дағдарыстың алдын-алуға, осынау қиын шақта Қазақстан халқының әлеуметтік ахуалын арттыруға арналып отырғанын тілге тиек етіп, мемлекетіміздің алдағы дамуының бағыт-бағдары, атқарылатын ауқымды істердің нақтыланғанын ортаға салды. Жолдау жаңа бетбұрыстардың бастауы екенін де айта келе, оны қолдауға шақырды.

Әрине, маңызы зор құжатты тыңдап қана қоймай, халқымызға жүктелген міндеттің бізге де тікелей тиесілі екенін біркідей түсіндік. "Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік ел болу үшін бізде бері бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын. Мен халқыма сенемін..." деген Елбасының уытты сөзінен бойымыздағы күш-жігерімізді жанығандай әсер етті. Өйткені, біз "Нұр Отан" партиясының бетке ұстар мүшесіміз.

Жолдауды қолдау мақсатында оқушыларымыздың ата-аналарына да "еңбектеріңізді еселей түсіңіздер, алауыздық көрсеніздер, бірлікке шақырыңыздар" деп үгіт-насихат жүргізуді мақсат етіп отырмын. Ең маңыздысы елжанды "Мәңгілік ел" ұрпағын тәрбиелеу біздің қолымызда. Қазақстандай ортақ үйімізге керегі бейбіт өмір, жастарымызға жарқын болашақ. Елбасымыздың сөзінің басында-ақ заманның беталысының өзгеруін де жасырмай, жауапты сәтте бірлігімізді сақтап, еліміздің игілігі үшін бәрімізді бірдей тер төгуге шақырды. Жолдаудағы "Біріміз — бәріміз үшін, бәріміз — біріміз үшін" деген қағида-сы осы ойға тоғысады. Мектеп ұжымындағы дөңгелек үстел басында мен де "Жекешелендіру және экономикалық бәсекелестікті ынталандыру" тақырыбында баяндама оқып, "Бүгінде өсім мен бәсекелестікті не ұстап тұр?" деген маңызды сұраққа тоқталдым. Яғни, "Самұрық-Қазына" және "ҚазАгро" холдингтері өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өнімін де қамтыдым. Өйткені бүгінгі ұстаз оқушыға тек сабақ берумен шектелмей, еліміздің экономикасынан да хабардар болуы тиіс. Сондықтан да "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" демекші, жұдырықша жұмылып, туған еліміздің әлеуеті мен сәулеті үшін аянбай тер төгейік, ағайын

Назгүл САНДЫБАЕВА,
№19 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Рудный қаласы.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ — ҚАСТЕРЛІ ҚАСИЕТ

Балалар үйінің қуанышы

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Мәуліт айының шарапаты облыстық балалар үйіне де тиді. "Марал ишан" мешіті балалар үйінің бір топ тәрбиеленушілеріне тосын сыйлық жасады. Техниканың дамыған уақыты қазір. Сол себепті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қостанай облысы бойынша өкіл имамы Бақытбек қажы Тәжімбет оларға компьютер, құнды заттар сыйлады. Бүгінде Қостанай облыстық балалар үйінің жетінші қазақ тобында он бес бала тәрбиеленеді. Бақытбек Нұрғабұлұлы ата-ана қамқорлығынсыз қалған жеткіншектерге уағыздар айтып, адамзаттың ұстазы болған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өмірі мен өнегесі жайлы насихаттады.

— Әрбір бала өмірге келген сәттен бастап бәріне бірдей әлеуметтік және басқа да жайлылықтарға қолдары жетуі керек. Мұны Елбасы жан-жақты қарастырған. Қазіргідей табыстарға біз ауызбірлік пен ынтымақтың арқасында қол жеткіздік. Президент Жолдауындағы "Біріміз — бәріміз үшін, бәріміз — біріміз үшін"



деген қағиданы берік ұстанып, еліміздің әрбір азаматы өздерінің атқаратын жұмыс орындарында ұйымшылдықтың нағыз жарқын үлгісін көрсетулері тиіс. Мәуліт айында бізге сый жасаған облыстық мешіт ұжымына ризамыз, — деді облыстық балалар үйінің тәрбиешісі Айгүл Әбілқасымова.

Өз кезегінде балалар үйінің директоры Сергей Архипкин үнемі қамқорлық танытып келетін облыстық "Марал ишан" мешітіне сауапты істері үшін алғыс хат табыс етті.

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Әлеуетті құрылым қызметкерлері толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандырылады

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуетті құрылым қызметкерлері толық мемлекеттік зейнетақымен қамсыздандырылады.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық әлеуетті құрылымдардың қызметкерлері 1998 жылғы 1 қаңтардағы еңбек сіңірген жылдарына қарамастан республикалық бюджеттен зейнетақымен қамсыздандырылатын болады.

Аталған шара еңбек сіңірген жылдары 1998 жылға дейін кемінде 10 жыл болған әлеуетті құрылым қызметкерлерінің зейнетақы мөлшерін көбейту мақсатында қабылданып отыр. Бұрын олар бюджеттен толық көлемде зейнетақы алмаған. Бұл орайда олардың бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы (БЗЖҚ) шоттарына мемлекеттік бюджет есебінен қызметкер табысының 20% мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары төленіп отырған (табысының 10% мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары аударылатын БЗЖҚ-ның басқа салымшыларын қоспағанда). Енді 1998 жылғы 1 қаңтарда еңбек сіңірген жылдары 10 жылдан аз қызметкерлерге бұрын та-

ғайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшері қайта есептелетін болады. Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін бұрын алынған табысқа салыстырылған толық көлемге дейін ұлғайту көзделген.

Әскери қызметшілердің зейнетақыларын қайта есептеу үшін қойылатын талап – бұрын бюджеттен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының пайызын республикалық бюджетке қайтару.

Бұрын бюджеттен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының 50 пайызын республикалық бюджетке қайтару үшін әскери қызметші зейнетақы жарналарын аударған тиісті уәкілетті мемлекеттік органға жазбаша өтініш беру керек еді. Өтінішке жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы БЗЖҚ анықтамасы қоса беріледі.

Зейнетақы жарналарының жартысымен есептелген инвес-

тициялық табыс БЗЖҚ салымшысы болып табылатын әлеуетті құрылым қызметкерлерінің жеке зейнетақы шоттарында қалады. Әлеуетті құрылым қызметкерлері зейнетақы жинақтарының қалған жарты бөлігін пайдалану құқығын зейнетақы заңнамасының нормаларына сәйкес жалпы негіздер бойынша алады. Қандай да бір себептермен зейнетақы жарналары қайтарылмаған әскери қызметшілер де осы талаптармен зейнетақы төлемдерін алатын болады. Оған қоса, әскери қызметшілердің пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу тоқтатылады. 2016 жылдан бастап еңбек қызметінің жалпы өтілі кемінде 25 жыл болған, оның ішінде 12 жыл 6 ай бойы үздіксіз әскери қызметте болған әскери қызметшілер еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетке шығады әрі республикалық бюджеттен төлем алады. Әскери қызмет үшін шекті жасқа келуі, штаттардың қысқаруы немесе денсаулық жағдайы олардың қызметін тоқтатуға негіз болып табылады.

"Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ баспасөз орталығы.

Инватакси қызметін неге тоқтатты?

Қымбат ДОСЖАНОВА



Қостанай қаласында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған "Инватакси" қызметі тоқтап тұр. Аталмыш қызмет түрінің қолданушылары мешін жылы басталғалы бері жұмысқа, оқуға бара алмай отыр. Мүгедектер арбасына таңылған адамның қоғамдық көлікпен жүріп-тұруы қиын екені айтпаса да түсінікті.

Бір топ мүмкіндігі шектеулі жан мәселенің мәнісін түсінбекке "Преодоление" орталығының ғимаратына жиналды. Арнайы баспасөз мәслихатын ұйымдастырып, оған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің өкілдерін шақырды.

– Мүгедектердің қала ішінде жүріп-тұруына ыңғайлы көлік – "Инватакси" болатын. Елбасының Жолдауынан соң көптеген мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыруға мүмкіндік туды. Енді сол азаматтар жұмыстарынан қалып жатыр. Себебі, тірек-қимыл аппаратының қызметі бұзылған азаматтарға қоғамдық көлікпен жүру қиын. Әсіресе, қыс мезгілінде, – деді "Үміт-Надежда" ҚБ төрағасы Дүйсенғали Оспанов.

"Инватакси" қызметі Қостанайда 2008 жылдан бері жүзеге асып келеді. Соның арқасында мүгедектер межелі жерге тегін барып келетін. Ал 2016 жылдың алғашқы айынан бастап "Инватакси" қызмет көрсетуін тоқтатқан.

– Инватакси қызметін жеткізуді Қостанай қалалық мүгедектердің өріктілер қоғамы жүзеге асырып келді. Автопаркте мамандандырылған 6 көлік бар. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық келісім-шарттар мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жасалады. Яғни, келісім-шарт электронды түрде жасалып, ЭЦҚ арқылы қол қойылады.



Порталдың дұрыс жұмыс істемейуіне байланысты инватакси қызметі туралы мәліметті жеткізушіге дер кезінде жібере алмадық. Порталдың мүмкіндігіне байланысты аталған мәселені бүгін шешуге тырысамыз. Егер техникалық ақаулар туындаса, дүйсенбіге дейін бір жауабын береміз, – деді Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жетекшісінің орынбасары Алла Харахорина.

СУРЕТТЕ: баспасөз мәслихатынан көрініс. Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Кодекстегі өзгерістер талқыланды

Жақында Қостанай гарнизоны әскери прокуратурасының ұйымдастыруымен Қостанай гарнизоны әскери сотының төрағасы А.Исабековтің қатысуымен "Қазақстан Республикасы жаңа Азаматтық іс жүргізу кодексін талқылау" тақырыбында "дөңгелек үстел" өтті. Оған әскери соты, әскери прокуратура қызметкерлері және Қостанай гарнизоны әскери бөлімдерінің заңгерлері қатысты.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларында және еліміздің 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында сот төрелігін қамтамасыз ету, азаматтық сот ісіне қатысушылардың құқықтарын барынша сақтау, азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын дер уақытында қорғау және қалпына келтіру, қоғам мен мемлекет мүддесі мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген.

Басқосуда жиналған қатысушыларға аталмыш кодекстің мазмұны, қажетті тұстары түсіндіріліп, бұрынғы кодекспен салыстырып, қойылған сұрақтарына жауап берілді.

Мәселен, Кодекстің жаңа редакциясында сот ісіне қатысушылар мен судьялардың процессуалдық құқықтары мен міндеттерінің объективті теңгерімі көзделген. Жоғарыда айтқанымыздай, дауларды реттеудің соттан тыс тетіктерін дамыту үшін жекелеген санаттар бойынша "Дауларды соттан тыс реттеу" деген жаңа тарау енгізілді. Кәсіби өкілдік ету институтының мәселесі өзектілене түсті. Тараптардың мүддесі үшін басқа адамдардың сотқа қатысу мүмкіндігі сақталады, бұл ретте критерий ретінде олардың жоғары заңгерлік білімінің міндетті түрде болуы белгіленеді. Жоғарғы Сотқа сот актілерін қайта қарауға өтініш беретін тараптардың мүддесін білдіру тиісті аккредиттеуден өткен адвокаттарға бекітіледі. Аталмыш Кодекстің осындай жаңашыл тұстары құзырлы орган өкілдерінің назарынан тыс қалмады.

Баян АКРЕМЖАНОВА,
Қостанай гарнизоны әскери прокуратурасының аға прокуроры.



"Қостанай облысының меценаттар клубы" қоғамдық қоры "Қазына" және "Шабыт" сыйлығына үміткерлерге конкурс жариялайды

"Қостанай облысының меценаттар клубы" ҚҚ "Қазына" және "Шабыт" сыйлығына үміткерлерге мына номинациялар бойынша конкурс жариялайды:

1. Бейнелеу өнері
2. Әдебиет
3. Театр өнері
4. Музыка өнері
5. Вокал өнері
6. Хореография
7. Журналистика
8. Ғылым
9. Мәдени мұра (тек "Қазына" сыйлығына)
10. Ауыл жанашыры
11. Білім
12. Шығармашылық ұжымның басшысы

Конкурсқа мәдениет және өнер қызметкерлері, шығармашылық ұжым жетекшілері, журналистер, ақындар, жазушылар, ғалымдар, білім беру саласының қызметкерлері қатыса алады.

"Шабыт" сыйлығына үміткерлердің жасы 18 жастан бастап 35 жасқа дейін, "Қазына" сыйлығына 35 жастан бастап және одан жоғары.

Конкурсқа қатысуға ұсынылатын барлық көркем жобалар, жұмыстар, қойылымдар және т.б. **2015 жыл ішінде басылуы, жариялануы, қойылуы, дайындалуы тиіс**, жоғары шеберлігімен және мазмұндылығымен ерекшеленіп, республикалық және халықаралық байқауларда, фестивальдерде танылуы қажет.

Үміткерлер құжаттарын **2016 жылғы 5 ақпанға дейін:**

– "Көркем сурет өнері" номинациясында Қостанай қ., Алтынсарин көш., 113 үй (сурет галереясы) мекенжайы бойынша, т. 502-888;

– "Ғылым" номинациясында Қостанай қ., Алтынсарин көш., 115 үй (облыстық тарихи-өлкетану мұражайы) мекенжайы бойынша, т. 501-113;

– "Журналистика" номинациясында Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ., 90 үй ("Қостанайские новости" газетінің редакциясы) мекенжайы бойынша, т. 54-54-95;

– "Әдебиет" номинациясында Қостанай қ., Алтынсарин көш., 111 үй (Л.Н.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы) мекенжайы бойынша, т. 500-322;

– "Театр", "Мәдени мұра" номинациясында (тек "Қазына" сыйлығына) Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ., 60 үй (Мәдениет басқармасы) мекенжайы бойынша, т. 575-326;

– "Білім" номинациясында Қостанай қ., Майлин көш., 2А үй, 302 каб. (Білім басқармасы), т. 575-317;

– "Музыка өнері", "Вокал өнері", "Хореография", "Ауыл жанашыры", "Шығармашылық ұжымның басшысы" номинацияларында Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ., 111А үй (облыстық көркемөнер халық шығармашылығы орталығы), 307 бөлме мекенжайы бойынша, т. 392-395, тапсыру қажет.

– **Анықтама телефоны: 575-326**



● ТАҒЫЗЫМ

ДИКТОРДЫҢ "Сіздердің тыңдағандарыңыз "Алматыда ақындар көшелері" атты радиокөйілім. Шалқар арнасынан алыстамаңыздар" деген даусы құлағыма тигенде есіме Сырағаның Кетті олар күйзелтіп кеше мені, Болды енді өлмейтін дос өлеңі. Көрінеді тік басқан өздеріндей, Алматыда ақындар көшелері, — деп басталатын өлеңі орала кетті.

жеңгемізбен екеуінің тіккен отауы береке-бірліктің ошағына айналып, алты ұл мен бес қызды ұяларына қондырып, олардан немере-шөбере көру бақытына ие болған абыз ағамыз сыр сандығын ашқан екен. Әкесі Сәкен Сейфуллинмен құрдас, әрі тағдырлас болған соң, тақырып таңдауында да сыр жатқанын байқадық. Кітаптың алғы-сөзінде автор өзінің алты жасын-

өлеңдерінде ет жүрегі езіле елжірей баяндайды.

Қазіргі нарықтың заманында ешқайда табан аудармай Көкалат ауылында отырған бауырлар өздері күнде көріп жүрген жерсудың, кішкентай ғана ауылдағы мешіт, Шәкіртам, Айса мен Қыпшақ Сейтқұл ескерткіші сияқты жәдігерлердің қадір-қасиетін ұрпақтарына Тұрғынбек аға көзімен бейнелеп,

СЫРЫ ТЕРЕҢ

(Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Тұрғынбек Шопанның рухына арнаймын)

Айтса айтқандай, шүкір, ару Алматы қазақтың қаймақтары атындағы көшелерден мақұрым емес. Сол өлеңде аталған аяулы ақындар көшелерінің тізімі халқына қайта қауышқан Шәкәрім, Ахмет, Міржақып сияқты алаштың ардақтылары бастаған, Сыраға мен Мұқағали қосаған қаншама орақ тілді, от ауызды есімдермен толықтырсаңыз! Олардың өздері өмірден озса да, көңілдегі тозбас туындылары қыруар жанға жан дауа болатындығы қандай ғанибет! Артына өлмейтін сөз қалдыру бақыты әркімге бұйыра берер ме? Жаһандануға жаппай бет бұрған заманда ұлдарымыз ұлықтарлық, қыздарымыз қадыр тұтарлық өнеге-өсиет қалдыруға құлшыныстың кемшіндігі де жалған емес! Кітаптың құны құлдырап, көбіміз ғаламтордағы сан-алуан сайттарға телмірген тұстағы "Шалқар" арнасының барымызды бағалауды басты мұрат етіп, халыққа жасап жүрген қызметіне дән риза күй құшағында әдеби кітаптар тұрған сөреден елеулі ғұмырын "Шалқар" арнасында өткізген, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, қазақ радиосының байырғы журналисі Тұрғынбек Шопан ағамыздың өз қолтаңбасы қойылған, Алматыда жарық көрген "Сыр сандығын" қолыма алдым. Кітапты қайталап оқығандағы түйгенім — дүниеден озғанына жыл толмаған марқұм аға артына тағылымға толы, талайымызға тарықтырмас азық боларлық мол дүние қалдырып кеткен екен ғой. Мәтіні шағындау қаріппен теріліп, бес жүз бетке жуық көлемге топтастырылған "Туған жер", "Өскен орта", "Отан". "Бала", "Немере", "Махаббат" тақырыптарындағы әр өлеңіндегі кезкелгеннің уысына түсе бермейтін өзіндік тәлім-тәрбиені аңғармау мүмкін емес.

Тұрғынбек аға тарихы терең Торғай өңірінде, Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілісінде айрықша батырлығымен көзге түскен Шәкір батыр бабамыздың тұлпарының құрметіне Көкалат атанған ауылда, 1931 жылы ашаршылықта дүниеге келіпті. Жаратушының рақымының арқасында қиындықтардан қайыспай өтіп, Сапура

да, "асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын" кезеңінде, аштықта рулы елді асыраған әкесінің "халық жауы" болып атылып кете барғанын, қарындасы мен інісі үшеуінің кемеңгер анасынан тәлім алғанын, қилы-қилы өткелдерден өткенін тілге тиек етеді. Сондықтан болар әкеге деген сұрапыл сағынышқа, анаға деген ақ алғысқа толы жырлары жүректі шымырлатып жібереді. Жетім қозының тас бауыр бола бермейтіні Түрекеңнің елді суреттеген, елдегі ағайын-туыстарға арналған айшықты өлеңдерінде менмұндайды. Әрбірінде жүрекжарды сезім атойлайды. Мұқағали ақынның "Үш бақытым" деген өлеңіндегі Отан, Халық, Тіл туралы тұла бойындағы қанды тулатып жіберетін тамаша толғамдар Түрекеңде де тұнып тұр. Тіпті туған-туыс, құда-құдағы, құрбы-құрдас, дос-жарандарға жазған арнау өлеңдерінде де жеңіл әзіл немесе ойып аларлық ой ұшқындары ұшырасады. Бір топырақтан шыққан Ахмет Байтұрсын-нов, Міржақып Дулатов, Ыбырай Алтынсарин сияқты арыстармен қатар еліміздің өркендеуінде өзіндік орны бар, өзі етене араласқан қайраткерлерге арнауларында Түрекеңнің тек ұйқас кұмай, өрелі ой орамына жетектей отырып, қоғамдық құбылыстардың қыр-сырын ашатын философиялық түйіндер жасайды. Жинақты парақтай отырып, Тұрғынбек ағаның жан-жақтылығына тәнті боласың. Оған осы туындыға енген құран кәрімді де қамтитын қалтқысыз аудармалары (ішінде И.Калашниковтың "Жестокий век" романындағы 140 қанатты сөздің қазақша нұсқасын табасыз) мен өлең жазудағы өзіндік формасы, ел аузынан жиған және өзінің жәдігер баталары, Қазақстанның барлық аймағы қамтылған дербес жырлары, әл-Сығанақифа еліктеуі айғақ.

Жоғарыда атап өткеніміздей, автордың Торғай мен Қостанай туралы қомақты толғауларындағы сағымға айналған есімдер мен мекендер тарих тылсымынан хабардар етеді. Туған жер туралы ғаламтордан да іздеп таба алмайтын кейбір мағлұматтарды Түрекең

сөзімен жеткізе берсе нұр үстіне нұр болар еді деген ниетпен ағаның "ауылдың ауруымен" ауырған шақтарындағы өлеңінің бірін келтіруді жөн көрдім:

Тарасқа еліктеу

(Соңғы сөз емес)

Өлгенде мені көміңдер
Шәкір атамның тамына.
Жатайын бірге мәңгілік
Жан бауырымның жанына.
"Шәкіртамның" қырынан
Туған жерді шопайын.
Бола алмап едім Демеуші,
Жебеушісі болайын.
Жас Торының күлкісі
Құлағымнан кетпесін
Туған жерде тек солар
Өссін, өнсін, көктесін.
Әбусана, Ұлықпан —
Олар да мәңгі қалған жоқ.
Бұтағы көктеп, көгерсе,
Бәйтеректе арман жоқ.
Қара емендей қасқайып,
Желт өтінде шынықты.
Сен аман бол, туғандар,
Келіп жатыр тынықтым.
Хатымды сақта көзімдей,
Аяулы жарым, сүйіктім.
Қауышармыз Мақшарда,
Сөндіріме отын үміттің!
Әр азаматтың туған жеріне махаббаты осындай болса, еліміздің ертеңі айшықтала түсетініне күмән жоқ..

* * *

Бір аллаға шүкір,
мен өріссіз емеспін,
Атаусыз қалды дей
алмас та мені ешкім.
Он бір балам — он бір өрік ағашы!
Бүр жарса олар,
жемісін оның жемес кім?!
Өрік ағашы болмаса да биік,
сұңқақты,
Көлеңкесінен сая табар сан
жолаушы күнқақты.
Кешқұрым келіп жігіт пен қыз да
шертер сыр,
Алғысқа бөлеп өрік ағашын
еккен бұл қартты,
— деп кітабына нүкте қойған екен.

Ендеше терең тағылым кейінгі ұрпақтың жалынын жалпақ әлемге жая берсін деп тілейік.

Төлеухан ШОЙБАСҰЛЫ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ механика-математика
факультетінің профессоры.

Құрметті азаматтар!

Сіздерге Қостанай облысы ІІД бастығының орынбасары полиция полковнигі Мейірқан Торғаевтың ішкі істер департаментінде **әрбір сенбі сайын сағат 10-нан 12-ге дейін** азаматтарды қабылдайтынын хабарлаймыз. Қабылдауға алдын ала мына телефон бойынша жазылуға болады: **52-60-07.**

Тәрбиеші

Жуырда "Қазақстан" ұлттық телеарнасынан "Тәрбиеші" сериалын көрдім. Басты кейіпкері — мен тәрізді жас маман. "Жетістікке өзін жете алмайсың" дейді тәрбиеші өз шәкіртіне. Ата-анасы "Тәрбиешісі қандай болса, бала да сондай болады" дейді. Ұтымды жауап. Сериалды көріп отырып, ойға баттым. Тәрбиеші мамандығын не үшін таңдағаныма жауап іздедім.

Отбасында жеті бала өстік. Ең кіші сіңілімді ойнатып жүргенде "өскенде тәрбиеші боламын, көп балаларды ойнатамын" деп ойлайтынмын. Бала күнгі ой-арман тәрбиеші болуға жетеледі. Тәуелсіз еліміздің ертеңі, бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағаныма еш өкінбеймін. Осы кәсіпті таңдау арқылы бала тәрбиесіне үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін.

2010 жыл арманыма аяқ басқан шақ. Қостанай қаласында гуманитарлық колледжінің мектепке дейінгі тәрбие факультетінде білім алдым. 2013 жыл балауға арманымының бүр жарған шағы. №19 орта мектебінде мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі болып жұмысымды бастадым.

Тәрбиеші болу айтуға ғана оңай шаруа болғанымен, қыр-сырын үйрену қиын екен. Шын жүректен қалаған кәсіп және жемісті еңбек арқылы абырой-беделің өсіп, қоғам алдындағы құрметің еселене түседі. Үш жылдан астам уақыт ішінде тәрбиешілік мамандыққа әбден қалыптасып қалыппын. Кейде, жұмыстан үйге келгенде қатты шаршағанымды сеземін. Бірақ, бүлдіршіндердің сәбилік шын жүректерімен айтқан сөздері есіме түскенде шаршағанымды ұмытып кетемін. Балалар әлеміне бір бойласам болды, өз мамандығымды өзгерткім келмейді. Өйткені, бала — пәк, бала тап-таза мөлдір бұлақтың бастауы.

АЛТЫН АЙТҚОЖИНА,
№19 орта мектебінің
шағын орталық тәрбиешісі.
Рудный қаласы.

Мобильді топтар құрылды

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кіріс департаменті қарамағындағы экономикалық тергеу қызметі, кеден және салық бөлімдері арасында Қарабалық, Таран, Жітіқара, Ұзынкөл аудандарына патрульдік бақылау жүргізетін мобильді топтар құрылды. Мақсаты — экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, салық және кеден салаларында құқық бұзушылықты уақытылы анықтау, тізбеге енгізілген тауарлардың сыртқа шығарылуына жол бермеу. Еуразиялық экономикалық комиссия мүшелерінің 2015 жылғы бекіткен №59 шешімімен тізбеде төмендетілген кедендік баждық мөлшерлемелер бойынша төленген, үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасына жеткізілген, сондай-ақ, "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында тауарларды әкелудің және айналымының кейбір мәселелері туралы" 16.10.2015 жылғы хаттамаға сәйкес жұмыс жүргізеді.

● СОЛАЙ БОЛҒАН



лай шолақ тонының түй-мелерін ағытып, шалманы мойнына қобырата салып, құлақшынын баса киіп, тура жиналған топқа бет алды, – дейді Падалько. Сыртынан қарасаң, жастардың кәдімгі бейресми көсемі сияқты. Келе сала Спицын: «Ал, жігіттер не тұрыс? Қандай талап-тілектерің бар?» деп бастырмалатты да олардың уәжін тыңдаған соң:

– Біздікі не бейнет? Суық далада осылай тұра береміз бе? – десімен Б.Мужилевскийге бұрылып:

есінде қалады» деп басу айттым. Қолдан келгені осы ғана болды, әттең...

Соңынан Желтоқсан оқиғасы зерттеліп, қатысушылар ақталған күндердің бірінде Асқар Ермұхамедовтың (тіс дәрігері болатын) «Қонысбай Ағуанұлы, Сіз қалай болжадыңыз осылай болатынын?» деп айтқаны бар.

Сол күндері аудандық партия комитетінің ұйғаруымен барлық бастауыш партия ұйымдарында және еңбек ұжымдарында жи-

ӨТКЕН

КҮНДЕРДЕН ЕЛЕС...

Тәуелсіздік күні жақындаған сайын сол бір өткен күндер елесі жадыңнан қылаң беріп қалатын кездері бар. Тәуелсіздіктің дәмі ащы әрі тәтті екені шындық қой. Қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдығынан бері қарайдың өзінде, қаншама тер мен қан төгілгенін, көзімізден қаншама рет өкініш пен қуаныш жасы шыққанын есептеу өте қиынға соғары хақ.

Атышулы 1986 жылдың ызғарлы желтоқсанын есімізге алайықшы...

Павел Падалько көп жылдар бойы кешегі Торғай облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болып қызмет атқаратын. Партия, Кеңес жұмыстарына жетік. Сол кісінің айтуынша, атышулы желтоқсан күндері Алматыда өткен оқиғаларға байланысты қаланың барлық мекемелері мен ұжымдарында, ішкі істер және білім беру орындарында кезекшілік ұйымдастырылып, төтенше жағдай ретінде шұғыл шаралар жасалған. Өйткені, Арқалық педагогикалық институтының бір топ студенттері көшеге шыққан көрінеді. Ол кезде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Оразбек Қуанышев болатын. Бюро мүшелерімен және бірқатар облыс басшыларымен бірге сегізінші қабаттың терезесінен «бүлікші» жастарға қарап тұрып, құрылыс, көлік, өнеркәсіп салалары бойынша обком хатшысы А.Спицынге жастарды таратуға тапсырма берген. Ал, идеология саласын басқарып жүрген Ә.Дүйсеновке, тағы басқаларға назарын да аудармапты. Жанына Арқалық қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Борис Мужилевскийді және 3-4 жауапты қызметкерді ертіп, Спицын далаға шықты. Жо-

«Борис Ефимыч, сен неғып тұрсың? Жастар тоңды. Бар, горкомның мәжіліс залын аш, жылы жерде сұхбаттасайық! Бәрі де шешілетін шаруа емес пе!» деп топты қалалық партия комитетінің ғимаратына бастай жөнеліпті.

Залға жайғасқаннан кейін: «Қандай сұрақтарың бар? Айтыңдар!» деген. Сонда әлі буыны қатпаған, саяси сауаты аз жастар мандытып ештеңе айта алмаған. Аз-мұз сұрақтар туындаған сәтте обком хатшысы қала басшысына: «Жазып ал бәрін, айтып отырғандарының бәрі дұрыс. Шешеміз. Түк қиындығы жоқ мәселелер екен» – деп сөзін қорытындылай келе: «Жігіттер мен қыздар! Айтылған мәселелердің барлығы да оң шешімін табады. Арандап қалмауға тырысыңдар», – деп «бүлікшіл» топты таратқан көрінеді.

Бірақ, соңынан оларды партия, Кеңес органдары қудалаған жоқ па?!

Желтоқсан оқиғасы туралы теледидардан естіген және газет беттерінен оқыған 4-5 қазақ жігіті аптыққан қалпында жұмыс бөлмеге кіріп келіп: «Қонысбай Ағуанұлы, не істейміз, жастар Алматыда қырылып жатыр екен ғой!» деп ақыл сұрады. Ол уақытта Арқалық ауыл шаруашылық тәжірибе стансасында бастауыш партия ұйымының хатшысы едім. Оларға: «Жігіттер, арандап қалмаңдар. Қазір қараңғы бөлмеден қара мысықты іздейтін әрі сақтанатын уақыт туды. Алаңға шыққан қыз-жігіттердің іс-әрекетін бәріміз де түсінеміз әрі қолдаймыз. Әйтсе де, іш қазандай қайнағанмен күресерге дәрмен жоқ. Сендердің келешектерің алда, көресіңдер, түбінде көтеріліске шыққандардың бәрі халық батыры болып, мәңгілік ел

налыстар өткізілді. Станса директоры С.Гачкайло екеуіміз өзара ақылдасып, партия жиналысын қалай өткізу керек екенін жоспарладық. Өйткені, «қызуды» коммунистер қазақ және басқа ұлт өкілдерінің ішінде де жеткілікті болатын. Шырпы тұтанатын ұшқын болса, лау ете қалатыны айдан анық. Сондықтан мен, жиналысты кіріспе сөзбен ашып, олған жағдайға байыппен және сабырлылықпен қарауды айттым да, С.Гачкайло сөзін жүйелі сабақтады. Осылайша үнсіз жиналып, үнсіз тарадық. Қылышынан қан тамған заманда бұрыс істелген әрекеттің өз «бағасын» алатынын бәріміз де түсіндік.

Ерікті халық дружиналарын әр ұлт өкілдерінен қайтадан жасақтап, әуре-сарсаңға түскеніміз бар.

Ал, 1987 жылы Солтүстік Кавказдағы Ессентуки қаласына курортқа барғанымда, басқа ұлт өкілдерінің қазақ азаматтарына айрықша жылы ықылас танытып, оң көзқараста екеніне көзімді анық жеткіздім.

Иә, кезінде осындай жағдайларды басымыздан өткізгенбіз... Желтоқсан көтерілісі біздің Кеңес дәуіріндегі санамызды түбегейлі өзгертіп, «күшпен жиналған» алып мемлекеттің ыдырауына алғашқы себепкер болғанының куәсіміз. Бүгінгі күнге шүкіршілік етейік, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Қонысбай
АҒУАНОВ,
АрқМПИ
ректорының
кеңесшісі.

Арқалық
қаласы.

● ЖАҢҒЫРЫҚ

ҰМЫТЫЛМАС
ерлік

Менің атам Мирасбек Әміржанов 1922 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданында дүниеге келген. 1940 жылы 18 жасында әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына қатысып елін, жерін жаудан қорғады. Ерлік алтынмен де, күміспен де бағаланбайды, оның өлшемі жоғары. Осы сұрапыл соғысқа қатысып, Отанына адал берілген адамның бірі – менің атам. Өкінішке қарай, қан майданда алған жарақаттарының салдарынан жарық дүниеден ерте қоштасты. Ендігі бір өкініш, оның ерліктері мен алған марапаттары жайында ешқандай дерек сақталмаған. Немересі Әміржанов Хамит Уадутбекұлының Ресей Қорғаныс министрлігінің ұйымдастыруымен жинақталған «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық ерлігі» құжаттарының электронды деректер базасынан сұратып алынған мәліметтері бойынша, Әміржанов Мирасбектің Воронеж майданы (кейіннен 1-ші Украин майданы) құрамындағы 38-Армияның 167-атқыштар дивизиясы, 615-атқыштар полкінің барлау ротасы қатарында барлаушы болғаны анықталды. Аталған полк құрамында Әміржанов Мирасбек Воронеж, Харьков қалалары маңындағы қорғаныс және шабуыл операцияларына, Курск доғасындағы шайқасқа, Украинаның сол жақ жағалауын азат етуге, Днепр өзенінен өту арқылы Киев қаласынан солтүстікке қарай жау қолына қарсы шайқастарға қатысқан.

Воронеж қаласын қорғау 212 күнге созылғаны және Сталинград қаласындағы шайқаспен теңбе-тең болғандығы тарихтан белгілі. Бірақ, сол кездегі кеңестік саясаттың кесірінен Воронеж қаласын шабуылдауға гитлерлік Германия армиясы құрамында кейінгі социалистік лагерь елдері Румыния және Венгрия жауынгерлері қатысуына байланысты өзінің лайықты бағасын ала алмаған.

Әміржанов Мирасбек Воронеж майданының кейінгі 1-ші Украин майданы құрамында Киев қаласын азат етуге, Житомир – Бердичев, Проскуров – Черновицк, Львов – Сандомирск, Карпат – Дуклинск, Батыс Карпат, Мавар – Остравск және Пражск шабуыл операцияларына қатысып, сұрапыл соғысты Чехияның астанасы Прага қаласын азат етумен аяқтаған. Соғыста жүргенде екі рет жараланған. Жасы отызға қараған шағында шайқас зардаптары денсаулығына үлкен әсер етіп, 1952 жылы дүниеден өтеді. Біз,



ұрпақтары, атамыздың Ұлы Отан соғысындағы көрсеткен ерлігін мақтан етеміз.

Әміржанов Мирасбектің аты-жөні орыс тілінде қате жазылуы себепті және соғыс кезінде жүргізілген көптеген барлау операцияларынан Ресей Қорғаныс министрлігімен құпия статусы (постановление) алынып тасталмауына байланысты соғыс кезінде көрсеткен ерліктері әлі күнге дейін белгісіз. Атап айтар болсақ жаралану қағазына «Амержанов Михаил, 1922 года рождения – призванный Амангельдинским РВК, Кустанайской области соғыс кезінде выполнении боевого задания» – деп 1944 жылдың маусым айында жазылуы соған дәлел. Ресей Қорғаныс министрлігінің мәліметі бойынша, көптеген соғыс архивтерінен Жеңістің 70 жылдығына байланысты құпияны алынып тастау жұмыстары жүргізілуде. Осы күнге төмендегі марапаттау бұйрығы ғана белгілі:

Приказ № 01/н командира 615 Стрелкового полка 167-й Стрелковой дивизии 38-й армии Воронежского Фронта от 16-го ноября 1942 года.

На основании Постановления Президиума Верховного Совета СССР, награждаю:

Медалью «ЗА БОЕВЫЕ ЗАСЛУГИ» стрелка 8-й Стрелковой роты – сержанта АМЕРЖАНОВА Мирасбека за проявленное мужество будучи в составе разведывательной группы захватившей контрольного пленного в огневой точке противника в ночь с 15-го на 16.11.42 г. в районе 0,5 км. Восточнее село Рубцево, Хлевенского района, Воронежской области. 1922 года рождения, член ВЛКСМ, казах, призван РККА Амангельдинским РВК, Кустанайской области.

Көркем МҰСАБАЕВА, майдангердің немересі.

Аманкелді ауданы.



Мөңке би:

«Ұят жағы кем болар...»

Меше



Кешқұрым тарта жолым түсіп досымның үйіне бардым. Екеуіміз әңгіменің қызығында отырғанда, есік ашылып кетті де, оның кіші ұлы есіктен жылай кіріп: «Шеше, шеше...» деп айқайлай бастады.

«Шешен үйде жоқ, жұмысқа кетті. Саған не болды? Жығылып қалдың ба? Өзің сүрініп кеткен боларсың? Жігіт адам бұған жылай ма екен? – деп сөйлей жүріп, баласын уатқан болды, – бар, енді ойнай ғой!» деді.

Баласы шығып кеткен соң, досым қатты кейіген бейнеде: «Қашан көрсең шеше, шеше деп жүргені! Сен білесің бе, мен кейде, шынымен-ақ қорынып қаламын, ол мені шешесін жақсы көрген сияқты жақсы көрмейтіндей сезінеді, тіпті, осы әке болған біздер, баланың ойында тек оларды ұрып-соғуға ғана жаралғандай көрінеміз ғой деймін. Шындығында, мен оған ойыншық сатып өперемін, еркелетемін ғой. Ал, ол тағы да мені шешесі ғұрлы көрмейді. Өзің айтшы, бұл не үшін?»

Мен иығымды қиқаң еткіздім де: «Егер үйде шешесі жоқ болса, ұлың сөз жоқ әкелеп

жүгірер еді» дедім мен. «Солай, – деді досым мені қостай сөйлеп, – өзім жасымнан шеше көрмей өстім. Сондықтан, менің есімде тек әке деген атау бар».

Мен досыммен қоштасып, кетуге жиналып жатқанда, әйелі жұмыстан қайтып келді. Баласы шешесіне барып сап ете қалып, жіберер емес. Ол шешесіне жаңағы болған істерді, өзінің қалайдан-қалай жығылып қалғанын, қалай ауырғанын, өзінің қайтып жылағанын бір-бірлеп айтып шықты. Шешесі баласының басынан сипап, жығылғанда жер сүріп кеткен қолын үрлеп-үрлеп қойды және оны сүйді. Досым қабағын түйе оларға қарап тұрды да: «Қарашы, шешелі-балалы екеуінің жайы жараса қалды...» деп қомпылдады.

Біраз күннен кейін досым жұмыс үстінде сатыдан құлап жараланды. Біз оны көтеріп, демалыс бөлмесіне әкеліп, жедел жәрдем көлігін шақырдық. Досым сол сәттерде ауыз жаппай «Шеше, шеше!» деп зарлап жатты.

Б.КРАВЧЕНКО
(Ресей)

Құрамалы, қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады.
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
Ай сайын бас қосқан жиын болады.
Ішіне шынтақ айналмайтын
Ежірей деген ұлың болады.
Ақыл айтсаң ауырып қалатын
Бедірей деген қызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп өтетін,
Кекірей деген келінің болады.
Ішкенің сары су болады,
Берсең итің ішпейді,
Бірақ адам оған құмар болады,
Қиналғанда шапағаты жоқ
жақының болады.

Ит пен мысықтай ырылдасқан,
Еркек пен қатының болады.
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,
Бетіңнен алып түсетін інің болады.
Алашұбар тілің болады,
Дүдәмалдау дінің болады,
Әйелің базаршы болады,
Еркегің қазаншы болады,
Жылық жұлдыз болады,
Қой құндыз болады,
Кебір – жерге теңеледі,
Әйел – ерге теңеледі,

Көл – теңізге теңеледі.
Сиыр – өгізге теңеледі.
Ақырзаман адамы –
Сағынып тамақ жемейді,
Ащыны – ащы демейді,
Тапқанын олжа дейді,
«Алхам» білгенін молда дейді.
Бір-біріне қарыз бермейді,
Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді.
Сарылып келіп тосады,
Құны жоқ қағазды судай шашады.
Заманақыр болар да, жер тақыр болар,
Халқы пақыр болар.
Балалар жетім болар,
Әйелдер жесір болар,
«Ә» десе, «мә» дейтін кесір болар.
Бас қосылған жерлерде,
Әйел жағы ден болар,
Жаман-жақсы айтса да,
Өзінікі жөн болар.
Орай салып бастарын,
Жалпылдатып шаштарын,
Тақымдары жалтылдап,
Емшектері салпылдап,
Ұят жағы кем болар,
Сөйткен заман кез болар,
Түзелуі қиын болар.

Арқалық

Халқы қалап еліміздің, ардақтаған Арқалық,
Қала орнатып тың жерден,

кен ақтарған Арқалық.

Күйреуден де, қираудан да, ширақ шыққан Арқалық,
Ерлерінің еңбегі өсіп, шені ақталған Арқалық.

Оразалы тақыр тыңнан, дән өндірген Арқалық,
Ғалам ғарыш қақпасы боп, әлем білген Арқалық.
Жалындаған жастар аз ба, еңбек шыңдап Арқалық,
Жалауына орден тағып безендірген Арқалық.

Ұлылардың арман ойы, өктем болған Арқалық,
Жүз ғарышкер самғап келіп


көктен қонған Арқалық.

Төбесіне еркіндіктің туын тіккен Арқалық,
Бой көтеріп жаңалыққа, өлкем толған Арқалық.

Ұлт мүддесін әрқашанда ардақтаған Арқалық,
Тілді, дінді дамытуда, қас қақпаған Арқалық.
Тіл бірліктің кепілі, дін ынтымақ Арқалық,
Парасаттың тізгінін, босатпаған Арқалық.

Қазақ тілін өмір бойы өзектеген Арқалық,
Тәрбиелеп жас ұрпақты безектеген Арқалық.
Баба жолын ел тарихын сараптаған Арқалық,
Жер, су сырын елге ұқтырған кезекпенен Арқалық.

Өнер, білім саласында, дара тұлғаң Арқалық,
Қарт Торғайда ту көтерер дана туған Арқалық.
Ел жырлаған, ерке әуенге дала тұнған Арқалық,
Ақын, жыршы ұясы боп жаратылған Арқалық.



Тың еріне сардалада, пана болған Арқалық,
Дән мен кеннен Одақта да, дара болған Арқалық.
Сақан, Еркін, ер ағалар ел басқарған Арқалық,
Ел жиналып, мал мен басқа, дала толған Арқалық.

Шәмші ағамыз әнін арнап аңсап келген Арқалық,
Айтпай күйін, Роза қыз ән сап берген Арқалық.
Болашаққа оқу ашып, сауап берген Арқалық,
Еңбеккерге алаламай, мансап берген Арқалық.

Алпыс жылда ел іргесін қайта құрған Арқалық,
Нұрсұлтаннның нұры жауып
жайнап тұрған Арқалық,
Отыз ұлттың басын қосып
табыстырған Арқалық,
Әр істе де алға шығып намыс қылған Арқалық.

Кеткендерге келем десе, кең пейілді Арқалық,
Нарыққа да бой үйренді, сең сейілді Арқалық.
Алпыс өтер, жүз жылдықта,
жарқырасын жұлдызың,
Ерікті елде, мәңгі жаса, ақ тілеулі Арқалық.

Әбдіғали ЖАНТАСОВ.

Арқалық қаласы.

1. Құран әдебін бойына сіңіріп, соған сай өмір сүру.
2. Әр істі «бисмилләмен» бастау.
3. Сәлем беру және сәлемге жауап қайтару.
4. Адамдармен қол алысу, қажет болса құшақтасу.
5. Адамдардың хал-жағдайын сұрау, амандық-саулық сұрағанға жауап қайтару.
6. Қай жерде немесе қай жаста болмасын ілім үйрену.
7. Үйренген ілімін адамзаттың пайдасына қолдану, оларды басқаларға үйрету және білген ілімдерін бөлісу.
8. Бір хабарды жеткізгенде сүйіншілеу және жеңілдету.
9. Адамдардың істеген нәрселерін ниеттеріне қарай бағалау.
10. Жастық шақтың қадірін білу.
11. Уақытты бағалай білу.
12. Денсаулықтың қадірін білу, рух және дененің саулығын қорғау, денсаулыққа зиян тигізетін нәрселерден сақтану.
13. Аурудың емін іздеу.
14. Адамдардың әрдайым қолданысына жарайтын еңбектер жазып, қайырлы, пайдалы мұрас және өшпес үлгі қалдыру, еңбек ету мен жақсы әдетті дамыту.
15. Өзінің мамандығының шеңберінде ғана сөз сөйлеп, жұмыс істеу.
16. Халықтың Исламның негізгі қағидаларына қайшы келмейтін әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қолдап, оны әрі қарай жандандыру.
17. Бір қателікті екі рет қайталамай ақылдылықпен, парасаттылықпен әрекет ету.
18. Екі күні бір-біріне ұқсамай, үнемі алға жылжуға және өзгеріс енгізуге тырысу.
19. Сөйлегенде байсалдылық танытып, қанағаттанарлық дәрежеде сөйлеу.
20. Пайдалы сөз сөйлеу не болмаса үндемеу.
21. Нақты әрі түсінікті тілде және қасындағы адамның дәрежесіне қарап сөйлеу.
22. Кішіпейіл, инабатты болу.
23. Жылы жүзді болу.
24. Аз күлу.
25. Қорқақ болмау, батыл бола білу.
26. Мұсылмандарды бауыр санап, олардың қуанышымен бірге қуану, мұңлы және қайғылы сәттерін бірге бөлісу.
27. Адамдардың бәрін бірдей Алланың жаратқан құлдары деп білу, оларды құрметтеу және оларға сүйіспеншілікпен қарау.
28. Табиғаттағы тіршілік иелерін және жан-жануарларды қорғау.
29. Үлкендерді құрметтеп, кішілер-

- ге мейірімділік пен қайырымдылық көрсету.
30. Үш күннен артық ренжімеу және ренжіскендердің арасын татуластыру.
31. Ағайын-туыстарға және жора-жолдастарға барып тұру.
32. Уәдесіне берік болу; ағайын-туыс, жора-жолдастармен қарым-қатынасты үзбеу.



33. Балаларға жақсы ат қою.
34. Дүниеге келген бала үшін шүкір құрбандығын (ақиқа) шалу.
35. Жеті жастан кейін балаларға дінді үйрету.
36. Балалардың арасын бөліп-жарып қарамау.
37. Отбасының тәртібі мен тұрақтылығына мән беру; ерлі-зайыптылардың бір-бірінің құқықтарына құрмет көрсетулері; отбасын басқаруда отағасының белсенді рөл атқаруы.
38. Ерлі-зайыптылардың бір-бірілерін жақсы көріп, құрмет көрсетулері және бір-бірілерінің ар-намыстарын, абыройларын қорғаулары.
39. Ауруларды зиярат ету.
40. Қайтыс болғандардың туыстарына көңіл айту.
41. Көршілерге қарайласу.
42. Кейбір намаздарда парыздан бұрын, кейбіреуінде парыздан кейін сүннет намаздарын оқу, мүмкіндігінше нәпіл намаздарды оқуға тырысу.
43. Мүмкіндігінше жамағатпен намаз оқуға тырысу.
44. Дәретпен жүру.
45. Адамдарды жиіркендіретін лас, жағымсыз иіс, ұнамсыз көрініс, киім және жаман іс-әрекеттер мен сөздерден сақтану.
46. Дұға жасағанда қолды көтеру және бет сипау.
47. Дүйсенбі күндері ораза ұстау.
48. Адамдарға Исламды жеткізгенде әдептілік пен сыпайылық танытып, түсіністікпен қарап, бірбеткейліктен аулақ болу.
49. Адамдардың қажеттіліктеріне қол ұшын беру.
50. Басшылардың әділетті, сөздеріне берік, мейірімді болулары және төңірегіндегілермен ақылдасулары.
51. Нәсіл, дін, діл, қоғам, заң, эконо-

- мика, ер-әйел, бай-кедей деп бөліп-жарып қарамау, осылай жасағандарды қоғамнан алыстату.
52. Ең қиын шарттарда және уақыттарда болсын қорқақтық танытпау.
53. Қиыншылық пен жоқшылыққа қарсы күресе білу.
54. Тура сөзді болу.
55. Сенімді болу.

- көрсетіп, оны күту.
82. Өлсіздің және жапа шеккен адамдардың жанында болу.
83. Жетімдерге, жесірлерге, кедейлерге, жолда қалғандарға, әлсіз және ешкімі жоқтарға, аш қалғандарға қолдау көрсетіп, жәрдем беру.
84. Адамдардың мұқтаждықтарына қол ұшын созып көмек көрсету.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) 100 сүннеті

56. Сөзінде тұру.
57. Саудаласып қойған сауда ісіне килігіп, араны бұзбау.
58. Пара алмау, пара бермеу.
59. Бөтен үйге рұқсатсыз кірмеу.
60. Бөтен үйдің есігін үш рет қағу немесе қоңырау тетігін үш қайтара басу.
61. Отырғанда әдебіне сай сыпайылықпен отыру.
62. Шақырылған жерге бару.
63. Сыйлық беру, берілген сыйлықты алу.
64. Тамақ жегенде асықпай сіңіре отырып жеу және өз алдынан жеу.
65. Суды үш реттен ұрттап, мүмкіндігінше отырып ішу.
66. Бір нәрсе жеп жатып сөйлемей, әлдекім жеп жатқанда аузына қарамау.
67. Адамдармен сөйлескенде жүзіне қарау.
68. Кешірім сұрау, кешірімді болу.
69. Кешірімшіл болу, өш алмау.
70. Ашуланғанда өзін ұстай білу.
71. Адамдарға және жануарларға қиянат жасамау.
72. Адамдарды шектен тыс көздерінше мақтамау.
73. Кішіпейіл болу.
74. Тіліне ие болу, ғайбаттан, жалқорлықтан, өсек айтудан сақтану.
75. Балағаттамау және жаман сөз сөйлемей.
76. Ешкімге қарғыс айтпау, қарғыс айтудан және қарғысқа ұшыраудан сақтану.
77. Қанағатшыл болу, өзіне жетерлік нәрсеге қанағат етіп, қолында барына разы болу.
78. Ұятты, әдепті және арлы болу.
79. Әлдекімнің сұранысын қабылдамағанда, сыпайылық танытып жұмсақ тілмен жеткізу.
80. Биязы және жанашыр болу.
81. Қонаққа жақсы қарым-қатынас

- Қарыз болған кісіге, тұтқынға және өзгелердің бодауына түскендердің құтылуына жәрдем беру.
85. Жолды білмегендерге жол көрсету.
86. Кемтарларға, мүгедектерге бас-көз болып, қамқорлық жасау.
87. Сыртқы келбетіне мән беру.
88. Өте сәнді және көз тартарлықтай киінбеу, қарапайым киіну.
89. Қалай болса солай киініп халықтың арасына шықпау.
90. Жұмысшыға маңдай тері қатпай тұрып ақысын беру.
91. Кісінің өз шаруасын өзі істеп, басқаларына жүк болмауы.
92. Кез келген уақыт және кез келген істе орта жолды ұстанып, шегінен шықпау және шегінен тым азайтып та жібермеу.
93. Қоғамдық тәртіпке зияны тиетін іс-әрекеттерден сақтану, осылай жасаушылардан сақ болып, оларға қарсы күресу.
94. Өзіне қатысы жоқ істерден бойын аулақ ұстау.
95. Басқаларға зиянын тигізбеу.
96. Өзіне қалаған нәрсені басқаға да қалау.
97. Түшкіргенде «әлхамдулиллә» – деп айту. Мұны естіген адам түшкірген кісіге есендік тілеп, лажы болса «ярхамукаллаһ» деп айту, түшкірген кісіге де «яһдини уа яһдикумуллаһ» – деп жауап қайтаруы қажет.
98. Есінегенде ауызын жабу.
99. Ағаш егу.
100. Құран Кәрім, Қағба, құбыла, мешіттер, азан, қажылық жасалатын жерлер, құрбан шалу, сүндетке отырғызу сияқты Исламның нышандары мен рәміздерін (шеәйри – Ислам) қорғау, өмір сүруін қамтамасыз ету, басқа дін және сенімдердің рәміздерін тақпау.

Омар ХАЙЯМ



Бір кісі Омар Хайямды жұрттың көзінше балағаттайды:
– Сен құдайдан безгенсің! Сен маскүнемсің! Сен ұрысың!
Ал, шайыр бұған езу тартып күлді де қойды. Мұның бәрін көріп бақылап тұрған, үстінде қызылды-жасылды ашық-шашық киінген

сәнқой бозбала Хайямнан:
– Мұндай сұмдыққа қалай төзіп тұрсыз? Ол сізді жәбірледі ғой!
Омар Хайям тағы да езу тартып оған:
– Жүр менімен, – деді.
Бозбала шайырдың соңынан еріп бір күнгірт үйге келді. Хайям шырақ жағып бір сан-

дықты ашып әлдене іздей бастады. Сәлден соң жыртық-жыртық жарамсыз бір халатты тауып алды. Халатты жігітке берді де:
– Киіп көрші, саған шақ па екен.
Жігіт халатты алып көріп назаланды:
– Мен бұл кір-кір сүйретпені қайтем.

Менің киіп тұрғаным таза да, өзіме жарасымды. Ал, сен өзіңе кара, – дейді.
– Міне көрдің бе, – деді Хайям, – сен кір халатты үстіңе жамылып та көрмедің. Мен де сен сияқты әлгі кісінің маған лақтырған былапыт сөздерін бойыма дарытқым келмеді.

● КӨКЕЙДЕ ЖҮРГЕН ОЙ ЕДІ

Нағыз азаматтың келбеті

Шынайы қамқорлығымен есте сақталар

Адамдар мәңгілік өмір сүре алмайды, алайда, елдің есінде қалған адам бақытты.

Әлішер Науай

Бала күнімізде "Кешегі ашаршылықта, сұрапыл соғыста жұдырықтай жұмылып, ағайын ауыртпалықты тең бөлскен еді. Соның арқасында біраз отбасы аман қалды. Яғни, "Адамның күні адаммен" деген сөздің астарын терең түсіндік" деп отыратын ақсақалдар.

Небір қилы оқиғаны басынан өткізіп, шарболаттай шындалған аталарымыздың пәтуалы сөзі кім-кімді де толқытқандай. Сондықтан азаматтың келбеті мен шынайы қамқорлығы хақында тіл безеудің реті келген сияқты.

Қарт Торғайда ертегі-қиссаларды жатқа соққан, арасында шумақтар құрастырған, үйлену тойларында талай жас келіншектің бетін ашқан, ақындықтан демелі Ғафу ҚазПИ-ге оқуға түскеннен кейін жерлесі, баллада жанрының шебері Қайнекей Жармағанбетовке балауса жырын оқиды. Сонда Қакең "Қыз-бел суреттері" өлеңін ұнатып, редактор тұрғысында "Әдебиет және искусство" /қазіргі "Жұлдыз"/ журналының шыққалы жатқан санына салғызып жібереді.

Таудай талабына тамызық болған беделді ағаның осы қамқорлығын өлсін-әлі есіне алып, "Қакең – менің өмірдегі әрі өнердегі әкем" деумен дүниеден озды Қазақстанның Халық жазушысы Ғафу Қайырбеков.

Сол Қакеңнің тұңғыш кітабын шығарарда қол ұшын созғанын ақтөбелік Өтежан Нұрғалиевтің, көкшелік Еркеш Ибраһимның өз ауыздарынан естігенмін, семейлік Кәмен Оразалиннің хаттарынан оқығанмын. Бүгінде олар танымал ақын-жазушылардың санатында.

– Сталин атындағы колхоздың/соңғы

уақытта Шеген ауылы/ басқарма төрағасы Міркәмел аға Сейітқазиевтің жесір әйелдің баласы мені жолдамамен жоғары оқу орнына аттандырғанын қалай ұмытармын? – деуге жалықпайтын Торғай облысының әкіміне дейін шырқаған Жақан Қосабаев.

Бірде әңгіменің иінінде Арқалық қаласының әкімі Жомарт Түбекбаевтың "Әбдісалық аға Нұржановтың ұйымдастыру қабілеті мықты, ауыл шаруашылығының маңызды науқандарын ұршықша үйіреді. Жастайымыздан тәрбиесін көрдік, тәжірибесіне сүйендік" деп ашылуында да үлкен мән бар.

Әңгімеге тарттың ба, саз ілімінің білікті маманы Еркін Қожахметұлының айтары көп. Мәселен, Шымкент саз училищесінде оқығанда танысқан Өзбекәлі Жәнібеков Торғай облыстаркомының хатшылығына тағайындалғанда өңіріміздегі арнаулы музыкалық білімге ие бір топ жігіттің тізімін тапсырған. Үзеңгілес інілерін осылай өздiгiнен қолдағанынан былайғы жұрт бейхабар.

Шәкербек Сағындықов Арқалық қалалық баспаханасын басқарған тұста шетелдік қондырғымен кітапты, оқушы дәптерін, күнтізбені, шақыру билеттерін шығарды. Соған орай "Шәкең мұрағатымызда қордаланған шығармаларымызды елдің кәдесіне жаратты" деп алғысын жаудырды жазуға бейім жастар.

Сағындық Мырқалиев – Ақшығанақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Сөйте тұра өлеңдері аудандық, облыстық басылымдарда жиі жарияланады. Шәкірттері Кеңшілік Мырзабеков пен Серік Тұрғынбеков ұстазының үйін төңіректеп, сөз құдіреті туралы толғанысын ықыласпен тыңдаған. Мектеп қабырғасында поэзияға құштарлығы оянған

оқушылардың екеуі де беріректе жыр жүйріктеріне айналды.

ҚазГУ-дің журналистика факультетін бітірген бетім. Ауылда өскендіктен Қостанай қаласының өнеркәсіп орындарын аралауға құмармын. Кенет сұхбаттасқан кейіпкерлерім – локомотив депосының бастығы Шыңғыс Бектұрғанов пен құрылыс тресі басқарушысының орынбасары, Кеңес Одағының Батыры Александр Парадовичтің жалдаған үйімнің қай көшеде тұратынын қойын дәптерлеріне қондырғаны. Жас маманды демегені-ау, күзге салым бірі көмірмен, енді бірі ағашпен жабдықтады.

Қалаткомға жөнелтілетін құжатта отбасымның мүшелерін көбейтіп, жақында іске қосылған бірнеше қабатты үйдің екі бөлмелі пәтеріне орналасуыма жәрдемдескен облыстық "Коммунизм таңы" газетінің редакторы Бақытжан аға Жангисиннің жанашырлығын қалай ескермейін?!

Тиісті орындарға мақтауымды келістіріп, редактордың орынбасарына дейін жоғарылауыма атсалысқан "Торғай таңы" газеті редакциясының басшылық құрамындағы Мырзабай Кеңбейілов, Ділдәбек Қорғанбеков, Жалғасбек Сүлейменов сынды азаматтарға да дән ризамын.

Әйтсе де биікке өрлеген сайын қайырымын көрген азаматтарды көңілден тайдыратынымыз жаман. Мысалы, Ерболат Төлегенұлы республикада алдыңғы лектегі бизнесмен қатарынан табылған-тын. Қапелімде ауруға шалдығып, Арқалықтағы бауыры Мараттың күтімінде жатқанда танысы хабарласып:

– Баяғыда қарамағыңызда істеген інім шылқыған бай. Қалтасы толы – ақша. Астананың қақ ортасынан кәсіпкер тұрғызып. Осындайда одан қаржылай көмек сұрамайсыз ба? – деп кеңес берген. Артынан балаша қуанып,

Ерболат телефон шалғанда дәуірлеген шағында қасына ерген жігіт жібімеген. Фирмасының атауын, өзінің аты-жөнін сан мәрте қайталаса да, танымайтын адамға ұқсап баққан.

Төсекбай Ғапбасов Жанкелдин ауданында кеңшардың, байланыс мекемесінің басқару тізгінін ұстағанда үнемі қарауындағы қызметкерлердің жағдайымен санасқан. Зейнет демалысында ағалап маңынан ұзамайтын өріптестерін сағынғанда "Мерекелік жиындарға шақырса қайтеді? Замандастарыммен шүйіркелесіп, жаным жадырамай ма?" деп бәйбішесіне қыңылдаумен шектелген.

Қызмет бабында пайдаланатын жеңіл машинасы сынып, облыстық мал бордақылау тресінің бастығы, жамағатқа сыйлы кісі Аманқұл Жақыпов тығыз шаруамен автобус салонына жайғасқан. Контролер тақағанда билетінің жоқтығына қысылады. Не істеу керек? 5 тиынның /ертедегі ақшаға шаққанда/ орнына 5 сомын қиса да, түсі суық әйел райынан қайтпаған. Төлем төлеуден жалтарған жолаушыға санап, дауысын көтерген.

Тек дәкейлердің жетегімен ілгері жылжыған, түрлі марапатты иеленген, тіпті жеке меншік дүкеніне масайраған пенделердің кергүі де жараспайтын қылық.

Қалай десек те Алланың бұйыртуымен тасы өрге домалаған, халықтың сүйіспеншілігіне бөленген, жүздерінен мейірім шуағы төгілген азаматтардың орыны алабөтен. Біз, аға ұрпақ өкілдері, біртуарлар жайлы оқтын-оқтын сыр шертіп, жастарды қарапайым, қайырымды, кішіпейіл болуға үндесек, аталық парызымыздың біршама өтелгені емес пе?!

Жақсылық ЖҮНІСҰЛЫ,
баспасөз ардагері.

Арқалық қаласы.



Меккеге қажылыққа барған ауылдасым айтады: "Мәсжид харам мешітіне кіріп бара жатқанымда бір әйел аяғымға жармасып, аяғымдағы шұлығымды "харам" деп бірнеше айтып, "шұлығыңды шеш, әрі қарай шұлықпен кіруге болмайды" деп тұр екен. Сол "харам" деген арабтың сөзі қазақтың арам сөзімен мағыналас келеді екен. Ал күнделікті құрдастар ойнап айтар бір-бірінің сөзі: "ой, сен арам екенсің" дегені еленбей қала бермей ме, кездейсоқ өлген малын арам өлді, ал қонаққа сойған, соғымға сойылған малдың етін адал асым демей ме" деп сөзін аяқтады.

Қазақтың арам, адал деген сөздерінің филологиялық, әлеуметтік, руханияттық, мүфтия-

лық мағынасы бар. Меніңше, бұл қасиетті сөздерді баланың тілі шығысымен үйрету керек, адам санасын улайтын нәрселерге үйір болмауды түсіндіріп жаман нәрсеге жолама деп, тыйым жасап отырған дұрыс.

Баланы балабақшаға барғанша досыңа адал, қыз балаларды сыйла, күш көрсетпе, арам тамақ ішпе, үйдегі тамаққа сәйкес келетін тамақты іш, доңыз етін жеме деген сияқты ырым-тыйымдарға тәрбиелеу керек. Ал, ересектер кездейсоқ шұжықтарды балалар тамағына қоспау керек, балалар ұшынып ауруы мүмкін, кейде уланып, ол қалай дегенше өліп кетуі де мүмкін. Бүгінде дәрі-дәрмекте базар саудасына айналған, көшеде келе жатсаң екі үйдің бірі дәріхана. Өткен ғасырларда адамды емдеу, дәрі-дәрмек тегін, ауруларды тегін емдеуші еді..

Нарықтық жобамен ашылған ет дүкендер бар, ол жерде не лайық, не қисық айырып болмайды, саудагер мұраты – баю. Сол себеппен халал (адал) ет дүкені керек, мұсылман шариғаты бойынша тыйым салынған тағамдарды халалмен бірге сату дұрыс емес, бірге қоюға болмайды. Мұны Қазақстанның Дін басқармасының өкілдері жақсы біледі.

Қазақстанда малы барлар мен малы жоқтардың арасы жер мен көктей, осы орайда етті дүкеннен алушы, біздер Қостанай аудандық өкімшілікке 40 адам оңға баса ма деп қол қойып, арыз жаздық. Алдымен "НұрОтан" партиясы мүшелерімен кеңесіп едік, "НұрОтан" монополияны қолдап тұр, өкімшілікке беруден бұрын кәсіпкер жиналысында "халал дүкенін" ашуды кеңесік деген.

Президентіміздің екі жыл бұрын көтерген халал индустриясын көтеру керек деген ұсынысына орай Алматы, Астанада халал кооперациялары ашылып, "Петровский", "Александровский", "Посешников" халал шұжықтарын арнайы комиссия тексергенде халал болмай шықты. Ол: "Шұжықтың құрамында 35 пайыз доңыз етін араластырған, 25 пайыз доңыз майы қосылған, неге бұлай дегенде жұмсақтығын сақтау үшін" деп жауап берген. Ет қатты болып өтпей жатқан ет жоқ, ет пен шұжық жасауды қазақ өзі біреуге үйретпесе, қырғыз бен қазақ дәмді тағамдарды дүниежүзіндегі елдердің бәрін де басып озады.

Қисық пен лайықты халықтан сұрау керек. Ағайын боп қисығымызды түзеп не 30-шы, не 50-ші елдің алдына түсіп дүниежүзі бағалайтын, солардың лайықты

деп мойындайтын өз ұлтымыздың көрікті, лайықты тауарларын саудаға шығарғаны жөн.

Халал тауарларымыз сыртқа, ішкі сауда да дұрыс жолға қоюда халықтың мүддесін еске алып халықтың халал дүкенін аштыруға тіл көмектеріңіз керек, бұл халал дүкендерінің мал соятын орын, дүкені, сауда жүргізуі халал болу, халал дегеніміз таза болу, тазалық принциптерді сақтау. "НұрОтан" партиясы кәсіпкерлер ортасында, мәжілістерде тазалық қағидасын қоюшыларды жақтау керек, Қазақстанда 2500 мешіт бар, қандайда өкімшілік сан жағынан да, сапа жағынан алда екенімізді біледі. Бірінші рет бір халал дүкен 2015 жылы президентіміздің мүшел жасында ашылған "Нұр халал" дүкені деп атап ашындар деуге "НұрОтан" партиясы мүшелерінің қолдауын күтудеміз.

Аттар қажы ИБРАЕВ.
Затобол кенті.

● ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

Жадымда жатталған жарқын бейне

*КҮНДЕЛІКТІ КҮЙБЕҢ ТІРШІЛІКТІ КҮЙТТЕП ЖҮРГЕНДЕ КӨП ЖАЙТТАР
ЕЛЕУСІЗ ҚАЛА БЕРЕДІ ЕКЕН. ДЕГЕНМЕН, ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ ОЙ
ТҮРТКІ БОЛЫП, ҚОЛЫМА ҚАЛАМ АЛҒЫЗДЫ. ЕЛ БАСЫНА КҮН ТУҒАН
ШАҚТА ӘУЛЕТІМІЗДІҢ АТПАЛ АЗАМАТТАРЫ ҚАН МАЙДАНҒА
АТТАНЫП, ЖЕҢІС КҮНІН ЖАҚЫНДАТУҒА ҮЛЕС ҚОСТЫ. МАЙДАН
ДАЛАСЫНДА ЖАУ ҚОЛЫМЕН АРПАЛЫСЫП, ЕРЛІК КӨРСЕТКЕН, БЕЙБІТ
ЗАМАНДА ӘУЛЕТІНІҢ ТІРЕГІНЕ АЙНАЛҒАН ӘКЕЛЕРІМ ТУРАЛЫ
БАЯНДАУДЫ ЖӨН КӨРДІМ.*

Қарғаұлы Сүлеймен 1893-1966 жылдары аралығында өмір сүрген.

Сүлеймен әкем ақкөңіл, қонақжай болатын. Ағайындары әкемізді осы мінезі үшін қатты құрметтеген. Дүние, байлыққа аса қызықпайтын, қолы ашық жан еді. Марқұм апам (есімі Шаруан) одан өткен ақкөңіл, аса мейірімді болатын. Бір көңілді отырыс үстінде әкеміз: "Кемпір, ана қызыл сиыр кетті" десе, марқұм апам, "Е, жарар, балалар аман болсын" деуші еді. Бұл әкем соғысқа жарамсыз болып алынбады. Оған себеп 1918 жылдың көктемінде қызылдардан қашып келе жатқан ақтың солдаттарының бірі "Айтқұл" қыстағының тұсынан өтіп бара жатып, далада жүрген әкемді қылышпен жарақаттайды. Абырой болғанда, қылыш әкемнің басына жанай тиіп, әкеміз қашып құтылады. Сол жарақатынан соң елде қалып, тылда, колхоздың қат-қабат жұмысына жегіліп күндіз-түні еңбек еткен. Соғыстан кейін көп жыл қойшы болды. Маңдай тер, адал еңбегінің арқасында үш ұлы мен алты қызын өсіріп жеткізді. Мені де "балла" деп өзіне жақын тартып жүруші еді.

Қарғаұлы Сәйділде 1920-1972 жылдары өмір сүрген. Мен бұл әкемді "көке" деп атайтынмын. Соғысқа дейін серіктестікте, кейін Калинин атындағы колхозда еңбек еткен. 1942 жылы әскерге шақырылып, Ұлы Отан соғысында барлаушы болған. Кейін жапон соғысына да қатысып, елге 1948 жылы аман-сау оралған. Майдан даласында көрсеткен ерліктері үшін "Жауынгерлік ерлігі үшін", "Германияны жеңгені үшін", "Жапонияны жеңгені үшін" медальдарымен марапатталған. Елге келгеннен соң, үш мерекелік медальдың иегері атанды. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң үйленіп, колхоздың жұмысына кірісіп кетеді. Марқұм шешем Зибікен екеуі үш жасар мені мен бір жасар Орманбек інім екеуміздің қолымызға бір-бір тілім нан ұстатып, бір кесе айран беріп, үйді сыртынан жауып, колхоздың жұмысына кететін. Қас қарайғанша жұмыстан қолдары босамайтын.


Олар үйге келгенде мен табалдырықтың алдында, Орманбек (марқұм болды) жүк аяқтың астында ұйықтап жататын көрінеміз. Сол көкем біздің қызығымызды көре алмай, 1972 жылы 52 жасында қайтыс болды.



Күзенбайұлы Қали (1900-1996 жж)

арабша сауатты, атақты молда болған кісі. Қилықилы тағдырды басынан кешкен әкем 1996 жылы 96 жасында менің көз алдымда дүниеден өтті. Бұл кісі соғысқа алынбай броньмен елде қалып, колхозда бригадир болған. Майдандағы жауынгерлерді азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз етуде күндіз-түні бел жазбай еңбек еткен. Елге қамқоршы ретінде танылған. Ағайынның арасындағы татулықты сақтап, азғантай әулеттің бірлігін нық ұстаған. Мен кейде "Әке, анау қалай туыс, мынау қалай жақын?" деп сұрағанымда, "Әй, ананымынаны айтып, басымды қатыра берме. Бөрің де туыссыңдар" деп мені тұқыртып тастайтын.

Күзде жылқыларын қырға жіберерде нөкталарын сыпырып алып, қолын жайып бір дұғасын оқитын еді. Сол жылқылары қыстай тебінде болып, көктемде туған құлындарымен ит-құстан аман-сау үйге келетін.



Әлімғазы Ізтілеуұлының

(1906-1982 жж) жарқын бейнесі менің жадымда мәңгілік жатталып қалды. Оның жанға жайлы қоңыр дауысын әлі аңсаймын. Ағайынға мейірімді, бауырмал кісі еді. Соғысқа дейін серіктестікте және кейін құрылған "Кеңшабын" ұжымшарында соқаммен жер жырттып, егін салып, мал баққан. 1941 жылы әскери дайындықтан өтіп, бірден ұрыс даласына жіберіледі. Соғысты Жапонияда аяқтаған.

Елге келісімен колхоз, совхоздарда қой бағып, шопан болып еңбек етті. Соғыстағы жанқиярлығы мен бейбіт замандағы адал еңбектері Үкімет тарапынан бағаланып, көптеген наградалардың иесі атанды. Бірақ, соғыс туралы естеліктерін ашып айта бермейтін.



Балұлы Өмірбек (1921-1995 жж).

Бұл әкем алғаш құрылған серіктестікте өртүрлі жұмыстар атқарған. Ағайын-туыс арасындағы сыйлас-тықты өле-өлгенше қадірлеп өткен, бауырмал, елгезек жан еді. Үлкен болсын, кіші болсын алыстан байқап қалса, алдынан күтіп алып амандық-саулық сұрасатын.

Соғысқа 1942 жылы алынып, әйгілі Сталинград майданының бел ортасында жаумен аяусыз арпалысқан. 1943 жылы кезекті бір жойқын шабуылда ауыр жараланып, елге бір қолынан айырылып келді. Келісімен Қостанай қаласындағы бухгалтерлік курсты тәмамдап, ауылда, аудан орталығында есепші болып ұзақ жыл қызмет атқарған. Соғыстағы ерлігі үшін "1 дәрежелі Отан соғысы" орденімен, "Ерлігі үшін" медалімен және бейбіт уақытта 5 мерекелік медальмен марапатталған.

Әйгелұлы Қажет (1904-1971 жж).

Менің есімде мінезі ашық-жарқын, қимылы ширақ Қажет әкем ұмытылмас асыл бейне болып қалды. Ол "Кенжетай" қыстағында туған, соғысқа дейін серіктестікте жұмыс істеген. Аңқылдаған мінезімен үйдің ішін жайма-шуақ күйге бөлейтін еді. Мен ол кісінің аяғындағы саптама етігін шешуге көмектескенді жақсы көретінмін. Менің бұл қылығыма балаша мәз болып, ақ батасын беруші еді. Әкем шаруаға пысық, кез келген іске икемді болатын. Сол қасиетін білген ағайындар соғысқа дейін оны Қостанай, Троицкіге жыл сайын кіреге жіберетін көрінеді. Жаздай жинаған мал мен аңның терісін, жүн мен түбітті азық-түлікке айырбастап әкеледі екен. Тағы бір ерекшелігі қартты жақсы ойнаған. Саудагерлермен қарт ойнап ұтқан ұтысына қосымша азық әкеліп, елді бір қарық қылып тастайтын болған.

Соғыс уақытында еңбек армиясында болып, қару-жарақ зауытында жұмыс істеп, 1946 жылы елге оралған. Соңынан ерген екі інісі, Кәжікен және Әжібек соғысқа алынып, кейіннен хабар-ошарсыз кеткен.

Қажет әкем 1971 жылы дүниеден өтті. Артында қалған екі ұлынан 7 немере, 12 шөбересі бар.

Менің естелігіме арқау болған алты әкемнің үшеуі соғыс ардагері болса, үшеуі тыл ардагері. Осы аталған алты азаматтың әрқайсысы кейінгі ұрпақтарына үлгі-өнеге болған абзал жандар. Адамның құндылықтарды біздерге мирас етіп кеткен асыл да ардақты жандарға әрқашан тағзым етіп, бас иемін.

Сайлаубек САЙДІЛДИН.

Аманкелді селосы.

Оларды айтпасақ, еске алмасақ, тарихымыз оларсыз кедейленіп, елдің ажары кірмейді. Оған кәміл сенемін. Бұл өткендегі қазақ әйелдері ішіндегі ең көрнекті тұлғалар. Әрине, бұл екеуіне де қатысты пікір. Өткен, бастан кешкен тарихымыз қаншама қою десек те, әлгі айтылғандай барынша хаттаулардың сиректігінен қаншама аласапыран дәуірлерде қазақ хандарының қасында есімдері қатар аталып өмір кешкен Бопай мен Айғаным сияқты әйелдер өте сирек. Жалпы, Бопай кім еді? Әбілқайыр жас кезінде қазақ хандығының орталығы болған Түркістанда жүргенде, әлі өзі хандыққа жетпей тұрып-ақ, ханымдыққа лайықты сүйікті жар іздегенде кіші жүз Жеменей Сүйіндік батырдың қызы — Бопайға көзі бекер түспеуі керек. Кейінірек бүкіл қазақ еліне хандыққа талап қылған Әбілқайыр, әрине атасы Батудан бері билік үшін бірін-бірі бауыздап, қырқысмен келе жатқан тұқымының ешқайсына да сенген жоқ, олардың көп әйелдері, гарем ұстауы мүлде ұнаған емес. Оның өзіндік өмір мақсаты, арманы болды, ең алдымен, тарихта белгілі сенімді жар Ақжүніс пен адал дос Назымдардың кемеңгерліктеріне сенді де, сол қасиеттерді Бопайдан тапты.

Кіші жүзге хандыққа қолы жеткенде Әбілқайырды торлаған жау көп болды. Сол жағында башқұрттар, батысында қалмақтар, оң жағында Хиуа хандығы, алыстан әлсін-әлсін қазақ ауылдарының мазасын алған жоңғарлар, елдің тыныштығын кетірді, үрей тудырып, анталады да тұрды. Қалай дегенмен, қай халыққа да ат үстінде алысып өту мүмкін емес. Мәдениеті мен тұрмысын, салты мен санасын жетілдіретін ең екпінді, ең қайратты адамдары ұдайы ат үстінде ұрыста жүргендіктен, ондай жұрт бара-бара ұлт ретінде жер бетінен жоғалуы әбден мүмкін. Ел болу үшін қашанда, ең алдымен, бейбіт өмір, тыныштық керек. Әбілқайырдың да аңсағаны соғыс емес, тыныштық. Бірақ ол терең болжап жан-жақтан тыныштық шықпайсына көзі жетті де, басқа да хандар, сұлтандар, билер секілді Ресейге амалсыз мойын бұрды. Егер өркениеттікке, оқумен, біліммен жеткен біз оны қате десек, Әбілқайыр емес, біз қателескен болып шығамыз. Ол кез Ресейдің отарлау саясатын күшпен таңып, тым өршілтен тұсы еді. Солтүстігінде шведтерді жеңген, солтүстік Кавказды ойрандап жатты. Көңілдерінде оңтүстіктің жылы теңіздері болды. Ал, оған барар жолда далданып қазақ жері жатыр. Ресей патшалары Елизавета да, Анна да қазақ жеріне ену үшін Әбілқайырдың арызын күтіп жүрді деудің жөні мүлдем жоқ. Әбілқайырды тұстұстан аш қасқырша анталағандар елдігімізді жоя ма деген нақтылы ойлар еді. Қазақ-орыс қатынастарының XVIII

ғасырда қаншалықты күрделі болғаны ресми құжаттардан белгілі. Бұдан екі жарым ғасыр бұрын Ырғыз өзені жағасында Ресей мен Қазақстанның екі ел арасындағы, қазақтың зиялы ақсақалдары болып келісімге қол қойған жер — ол біздің Торғай төстігінен алыс емес. Сонда Ресейдің императрицасы мен шенді адамдар-

жиегіне, жұрт жиналатын жағалауға ескерткіш қойылса, нұр үстіне нұр болмақ. Кейін де Бопай ханым Нұралы хан болғанда да оған барынша көмектескен, Әбілқайыр ханның үйі мен тұқымының күш-қуатын бейнелейтін де осы Бопайдың жігері. Бопайдың прогресшіл ойы Електің бойында қала салуы. Отырықшылыққа

● ҚАЗАҚ ХАНЫМДАРЫ

БОПАЙ мен АЙҒАНЫМ

ға Әбілқайырдың жазған хаттарындағы алғашқы сөттерден бастап, ең беделді деген ел ішіндегі есімдермен бірге Бопай ханымның да қатар аталуы таңқалдырады. Сөз жоқ, бұл оның осынау күрделі істерде жауапкершілігінің жоғары екендігін байқатады. Содан бастап-ақ ол билікке араласып, мемлекеттік істерді шешуге қақылы адам ретінде жеке өз атынан да императрицамен хат алмасып тұрған. Ресми құжаттарда көрсетілгендей, Бопай ханым кіммен хат алмасса да, мейлі Анна, кейіннен Елизавета болсын терезесі тең адамдай өткір сөйлеп, ойын тиянақты жеткізе білген. Әбілқайыр ханды өлтірген қалмақтың қылышы емес, қазақтың қашыда тиген найзасы. Жанкелдин ауданының бұрынғы Юбилейный кеңсары жерінде Хан деген дөң бар, күні бүгінге дейін сол жерге біз ешқандай алыстан көрінетін ескерткіш белгі қоймай келеміз. "Өсер ел тарихын таспен жазады" деген қағиданы естен шығармауымыз керек сияқты, ағайын. Күйеуі өмірден өткен соң да Бопай ханым Ресеймен саяси қатынасты үзбегені өз алдына, тіптен байланысты кей жағдайда бұрынғыдан да күшейте түскен. Баласы Ерланның өкесін өлтіруге қатысқан Сырымбетті Көкшетаудағы Сабындыкөл жағасынан тауып өлтіруі, ал қазақ тарихындағы алғашқы тархан Жәнібек батырдың жоңғарларға Әбілқайыр ханды өлтіруге қатысып қашып барып, жалбарынып бас сауғалаған Барақ сұлтанның басын аламын деуі тек кек алу емес-ті. Жәнібек батырға Қостанайда Тобыл өзені

көшу болды. Бопайдың патша әкімшілігіне ұдайы талабы да осы болыпты. Мына қисапсыз малдың соңына ерген қисапсыз жұртты тоқтатып, біріктіру үшін қала керек екендігін түсінді. Мәңгілік еш нәрсе жоқ. Отырықшылық тек 1934 жылы ғана толық өмірге келді. Голощекин Орталық Комитетке соңғы көшпелілердің Батпақ-қарада көшпелі соңғы ағымы отырықшылыққа бекігенін хабарлады. Ол оңай болған жоқ, 1932-33 жылдары қазақ тең жартысынан айырылды. Масыз қалған жұрт аштыққа кезікті. Уақыт көшпелі өмірді тоқтатты. Қай кез болсын қала тұрғызуды ойлаған Бопай ханымның ой-арманын жалпы мақтанышымыз Астанадан көрдік, сән-салтанатымыз көрініп-ақ тұр. Бопай секілді қазақ қызын ұмытып кетпейік. Ер көңілді қазіргі заманға сай қазақ қыздары көбейе берсін.

Аманқарағайда 1834 жылы Айғаным ханым тұрды. Ол Уәли ханның кіші әйелі еді. Осында округ ашылып Уәлидің баласы жиырма үш жасында Аманқарағайдың аға сұлтаны сайланып, Көкшетаудан көшіп келді. Уәли бірінші болып ақ патшаны мойындаған хан. Ол өлгенде Шыңғыс жеті жаста еді. Уәли ханның үлкен баласы Ғабайдулла ақ патшаға көнбей, қала салуға жер бермегені үшін Сібірге айдалады, Березов деген жерде қайтыс болған. Аманқарағайда әжесі Айғаным тек үйді ғана басқарып қоймай, жас Шыңғысқа көмектеседі. Шыңғыс 1827 жылы Омбыдағы Сібір әскери училищесіне түсіп, жақсы баға тәмамдайды. Шыңғыс өзіне сенімді жар

таңдап, Зейнеп Шорманқызына үйленеді. Шорман Қарқаралыдағы белгілі адам еді. Айғаным тікелей саясат ісінде де белсенділік көрсете білді. "Береке басы бірлікте, ырыс алды ынтымақта" деген қағиданы нық ұстаған. Мал ұрлау мен барымта, қарымта ұры мен зорлыққа барынша қарсы болды. "Төртеу түгел болса — төбедегі келеді, алтау ала болса — аузыңдағы кетеді" деп дуан жұртын басқаруға Шыңғысты үйретті. Айғаным ағайын арасы ала-құла болмауын қадағалады. Айғаным өте сұлу болған. Оны көрген жұрттың "Ай ханым" деп айға теңегендігін Аманқарағайда өмірін өткізген Өтеген қарт айтып отырушы еді. Нұрлы әйел. Оның қызыл бетіндегі нұрын көрген адам көз тоқтатып тұра алмайтын. Үстіндегі киімі қыста қара кіс (соболь) ішік. Әр түгі жылытырап, жалт-жұлт етіп тұрады. Басында моншақтары гауһар аралас асыл тастан тізген биік сәукеле. Жаз болса, алтын оқалы барқыт пен қамқа торғын киімдер киген. Мойнында алтын алқа, сипат түрі кімнің де болса жанын бір тебіrentкендей. Жүзі жарық, абыройы асқақ жан болған көрінеді. Ақылының арқаны әйел болса да ұзын болған. Терең тарихымызда ата-бабаларымыздың астындағы аты, бойындағы сәнді заты көп болған. Олардың аузынан ән кетпеген, бойынан сән кетпеген, алтын, күміс мол болған. Айғанымның кигені солардың бір соңғы белгісіне ұқсайды.

Айғаным саяси іспен Сібір аралап келе жатқанда ақ патша Александр І-мен кең далада Пресногорьков жерінде өз адамдарымен кездеседі. Ол Айғанымды қатты сыйлаған деседі, оның өтінішімен Тау-құсмұрында үй, қазақ жерінде бірінші мектеп салғызған. Онда шағатай тілі, есеп-қисап, топография, сурет сабақтары жүргізілді. Кейін оны Шоқан үздік бітіріп шықты.

Өкінішке орай, Аманқарағайда күні бүгінге дейін бірде-бір көшеге Айғаным аты берілмей келеді. Қазақ мектебі еш есім, атсыз жылдар бойы жұмыс істейді. Бүгінде егемен еліміздің өз Конституциясы, өз Елбасы бар. Ешкім қарсы да емес. Айғаным аты аталып жүрсе, төбеміз көкке жетпей ме. Бопай мен Айғаным ханымдарды бірді-екілі түгендеп еске алып, сән-салтанатпен атап жүрсек, ол бізге парыз емес пе? Олар кезінде лайықты өмір сүріп, билікке араласты, іс-қимылдар жасады. Бұл — олардың шынайы ханымдық дәрежеге лайықтығын көрсетеді. Сол тұлғаларды дәріптеп, Бопай мен Айғаным секілді "қайран қалдырған қазақ қыздарын" ұмытып кетпейік. Әлия мен Мәншүкті, Кенесарының қарындасы Бопайды да ұмытпайық. Олар кезінде хан бұрылып қараған қазақ қыздарының жалғасы.

Жамантай УАҚБАЕВ.

Аманқарағай кенті,
Әуликөл ауданы.

Облыстық "Қостанай таңы" газетінің былтырғы бірінші желтоқсан күнгі нөмірінде "Асыл мұра" айдарымен Алаш арыстарының бірі Жүсіпбек Аймауытовтің "Ұлтты сүю" деген мақаласы 1918 жылғы "Абай" журналынан алынып басылған екен. Аты айқайлап тұрған тұтас бір беттік мақала мен мұндалап бірден көзге шалынды. Дәл осы уақытта, бүгіндері, ұрпағымызды қайтсек патриот қыламыз, шенеуніктеріміз халыққа қашан жақындайды, ел мүддесі, халық алдындағы парыз қалай биіктеп, жаттанды сөз емес, іс-қимылға айналады деп, жанталасқан шағымызда орынды берілген мақала болды.

Мысалы, "Өзіне тілегенді біреуге де тіле", "Адам баласын бауыр тұт", деген көркем тілек далада қалып,

"Асыл мұра" жаңғырығы

тұрмыс күресі, қан шерлік майдандап тұр, — дейді арысымыз. Бәсекелестіктен, көреалмаушылықтан, көрсе қызарлықтан, жемсаулықтан, жең ұшынан жалғасудан көз ашпалмай қалғандаймыз ба, қалай? Басқа ұлт өкілі түгіл, Моңғолия, Өзбекстан, Қытайдан т.б. көшіп келіп жатқан қандастарымызға менсінбей қарап, "оралман" деп мұрын шүйіреміз. Олардан үйреніміз әбден мол екенін көре тұра, көрмейміз. Даңғазалық, ысырапшылдықтың шыңына шықтық. Той жаса-

сақ, аты айгілі мейрамханада 250-300 ден кем қонақ болмасын, жол-жоралғыны өзгертіп, кем дегенде 5-7 дорба ашатын болдық, оған "Дорба шоу" деп ат қойып алдық. Той бастарымыз түйе керуенмен келетін болды. Бар болса, шашқан дұрыс қой, бірақ Абайша айтқанда "...бекер мал шашу" етек алып барады. Марқұм болған жанның пілдеханасына емес, қонақасыға мейрамханаға баратын болдық, бейсенбі шайы тағы солай. Үлкендердің тәрбиелі, төлімді бас қосу жиыны емес,

дастархан мәзірі, қатысқан кісі саны бірінші орында тұр.

Жүсіпбек Аймауытов келтірген төңірсінү, өзін-өзі зор тұту, қожа болу, дәреже қуу етек алып кетпесін, ағайын!

"Басшы түзу болса, басыдан бас тартып, ауа жайылатын халқың аз, қазан бұзар, ар сатқан біреулері болмаса. Қазақты тура жолға бастайтыны да, адастыратыны да — оқығаны. Оқығанын қазақ сыйлайды, соңынан ереді, қадірлейді, сенеді." Таяға таңба басқандай сөздер, ой қосу артық. Өттен, орынтағы барлар оқып, ой

елегінен өткізсе екен. Бұл мақала Елбасымыздың биылғы Жолдауынан бір-ақ күннен кейін жарияланған екен, газет редакциясына үлкен рахмет. 1918 жылы Жүсіпбектей ағаларымыз халқы үшін, халқының ел болуы үшін осылай ой толғап қозғау сала, Ұлы дала, Мәңгілік ел ұрпақтарымыз десек, кімде-кім, әсіресе биліктегілер, халық қалаулылары Аймауытовтың "Оқығандары". Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын шақ емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін, парыз өтейтін уақыт. "Халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойынымызда сол халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр" деген заман жаңғырығы бүгінгінің де қағидасы дер едім.

Сайран ӘЛІМҒАЗИНА,
зейнеткер-ұстаз.



25 қаңтар, дүйсенбі

ҚАЗАҚСТАН

